



● ПРЕЗИДЕНТ

Өзара сенім мен әріптестік серпіні

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Швейцария Конфедерациясына ресми сапары Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесуспен кездесуден басталды. Одан әрі Женевада өткен ДДСУ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясының арнаулы сессиясына, Инвестициялық дөңгелек үстел отырысына қатысты. БҰҰ Женевадағы бөлімшесінің Бас директоры Татьяна Валовамен, Халықаралық Қызыл Крест комитетінің президенті Петер Маурермен, Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Нгози Оконджо-Ивеаламен кездесу өтті.

Женева қаласындағы Әулие Петрдің Кафедралды соборының алдында өткен ресми кездесуден кейін Мемлекет басшысы Швейцарияның Президентімен келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ги Пармелан бір-біріне ресми делегациялардың мүшелерін таныстырды. Содан кейін екі елдің әнұрандары шырқалды. Президенттер Швейцарияның туына құрмет көрсетіп, Құрмет қарауылын бойлай өтті.

Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары шағын және кеңейтілген құрамда кездесулер өткізді. Өзара сенім жағдайында өткен кездесуде мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Швейцария арасындағы саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, қаржы салаларындағы көпжоспарлы ынтымақтастықтың ахуалы мен перспективаларын жан-жақты талқылады.

2-бет

● БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

Еркін елдің ерен тұлғасы

Еліміз санаулы күнде Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейлі мерекесін атап өтеді. Қазақстан осынау тарихи кезеңде үлкен табысқа қол жеткізді. Бір ақиқаты сол жетістіктерде елдің Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ерен.

Тұңғыш Президент қиын-қыстау кезеңде әлемдік элитаның күмәнді, дүдәмал пікірлеріне қарамастан елдің Тәуелсіздігін бекітті. Алпауыт мемлекеттермен терезесі тең дәрежеде қарым-қатынас орнатты. Шекара шегенделді. Елдегі сан алуан халықтың ынтымағы сақталды. «Алдымен экономика, сонан кейін саясат» деген берік ұстаным өз нәтижесін берді. Қазақстан әлемдегі танымал мемлекеттердің қатарына қосылды. Осының барлығы – Тұңғыш Президенттің қыруар еңбегінің, білімділігі мен биіктілігінің, сарабалда саясатының игі жемісі.

Әлемнің маңдайалды саясаткерлері Елбасының еңбегін лайықты бағалады. Олардың қатарында жаһандық деңгейде ұлттар тағдырын шешіп отырған ұлы тұлғалар бар. Мысалы, Ресей президенті Владимир Путин «Нұрсұлтан Әбішұлы саясатқа ерте келген. Ол сонау кеңестік кезеңдегі биліктің өкілі. Мені таңғалдыратыны – ерте уақыттан бері саясатта жүргенімен – ол өте жанаңшыл адам. Мен күні бүгінге дейін оның осы жанаңшылдығына қайран қаламын. Мен жақында Нұрсұлтан Әбішұлының жана қасиетін таныдым. Ол даулы, шешімі қиын жағдайларда – сентименталды адам бола алады. Ол ұқыпты әрі әділ басшы. Қазақстан үшін Назарбаев – тарихи тұлға. Ол – қазақ халқы үшін Тұңғыш Президент қана емес, ол қазақ мемлекетінің негізін қалаушы» деп атап көрсеткен болатын.



Нұрсұлтан Әбішұлының кезінде қайылдаған «Ядросыз әлем» жобасы әсіресе АҚШ президенттері тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Олардың қатарында Джордж Буш, сондай-ақ Барак Обама бар.

Әсіресе әлемдік саясаттағы үлкен тұлға Маргарет Тэтчердің «Қазір жаһандық саясатта 5-6 ірі саяси тұлғалар бар. Солардың бірі – Нұрсұлтан Назарбаев. Мен оған қатты сенемін және оның бастамаларын қолдаймын» деп атап көрсетуі – үлкен мақтаныш.

Біріккен Ұлттар Ұйымында Елбасының жаһандық деңгейдегі қыруар еңбегі үлкен қолдауға ие болды. Еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшілік саясатын БҰҰ-ның бас хатшысы Кофи Аннан ерекше атап көрсетті.

Бүгінде АҚШ-тың өзімен тайталасып, өз саясатын, ұстанымын дәлелдеп келе жатқан Түркия президенті Режеп Тайып Ердоғанның «Аса қадірменді Президент мырза, менің аяулы бауырым! Түркиядағы Президентті ұлықтау рәсіміне сіз арнайы келіп қатыстыңыз. Мен мұны сіздің маған ғана емес, барша түрік жұртына құрметіңіз деп түсінемін. Сіз Қазақстан мен Түркия арасындағы бауырластықты нығайтуға аянбай тер төгіп келесіз. Мен сізді үлгі тұтатынымды жасырмаймын» деп атап көрсетуі күллі түркі жұртындағы Елбасы беделінің қаншалықты зор екеніне дәлел болса керек.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің әлемдік саясаттағы үлкен беделі қазіргі таңда белгілі саясаткерлер тарапынан лайықты бағаға ие болып отыр. Олардың қатарында әлемдік беделі мемлекеттер – Ұлыбритания, Германия, Қытай, Жапония, Еуроодақ, Азия мен Африка елдерінің басшылары бар.

Бұл – Елбасының Қазақстан Тәуелсіздігін нығайту мен Мәңгілік ел мұраты жолындағы қайраткерлік қарымының айқын дәлелі.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қалірісі сырбойылықтар!

Сіздерді 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күнімен құттықтаймын! Тұңғыш Президент күні мерекесі – мемлекеттің үстем мерейі, үлкен мәртебесі.

Биыл – тәуелсіз ел болғанмызға 30 жыл! Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекітіп, әлемге танытып, бүгінгідей беделді әрі қуатты мемлекет болуымызға – Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі ұшан-теңіз.

Бұл атаулы мемлекеттік мерекеге биыл 10 жыл толыпты.

Елбасымыздың саяси көшбасшылық феномені тарихқа Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, дана стратег, ұлы реформатор және әлемде қазіргі замандағы аса көрнекті саяси көшбасшы ретінде енді.

Осы ретте, Елбасының Сыр халқымен байланысы неде десек: ең алдымен, «Сыр – Алаштың анасы». Бұл – көненің көзі, мәдени мұралардың асыл көмбесі, талай тарихты қойнауына бүккен, талай тарланды қанаттандырып Қызылорда жайлы Елбасының сөзі.

Екіншіден, Еліміздің ертеңіне сенген Елбасы Аралды сақтап қалу мақсатында ғасыр жобасы атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (CARAT) жобасын және облысты таратпау жөнінде тарихи шешімдер қабылдады.

Үшіншіден, Отандық ғарыш кеңістігін өркендетті. Қазақ жеріндегі, соның ішінде Сыр еліндегі «Байқоңыр» ғарыш кешенінен қазақ азаматтарының ғарыш кеңістігін бағындыруы да кеменгер көшбасшының саяси салмағының басымдығы мен жүргізген саясатының дұрыстығы болатын.

Төртіншіден, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жолы арқылы ел мен елді, жер мен жерді жақындатты. Бұл құрлықаралық автокөлік дәлізінің Қазақстанға тиесілі 2787 шақырым 5 облыс аумағынан өтетін болса, оның ең көп бөлігі, яғни 812 шақырым Қызылорда жерінде. Сыр елі үшін ең тиімді дүние екенін айту керек. Бүгінгі күні өңірдегі жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 2,5 есеге артып отыр.

Бүкіл түркі әлеміне ортақ тарихи тұлға, философ, абыз Қорқыт Атаның «Ауыр жүктің мехнатын тұғыр емес, тұлпар білер» дегеніндей, тәуелсіз еліміздің жүріп өткен жолы кеменгер Көшбасшының кемел істерімен тығыз байланысты екенін жас ұрпаққа жеткізіп отырудың маңызы зор.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерекесі құтты болсын!

Елі сүйген, елін сүйген кеменгер Елбасымыз аман болсын!

Құрметпен
Гүлшара ӘБДІКАЛЫКОВА,
облыс әкімі

● ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ – 130

Қызылордада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен ақ күршітін атасы атанған даңғайыр дикан, екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 130 жылдық мерейтойына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы және Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ермалов, Ыбырай Жақаевтың ұлы, еңбек ардагері Сейітбек Жақаев, Ресей, Өзбекстан және еліміздің белгілі ғалымдары қатысты.

Ерлікке тән еңбек дастаны

Аталған шара барысында аймақ басшысы еселі еңбектің арқасында халық «Дала академиясы» атап кеткен Ыбырай Жақаевтың күрші дақылын өсіру, оны күтіп-баптау ісіне қосқан еңбегі ерекше екеніне тоқталды. Сол ізгілікті жолды ізбасарлары бүгінде жоғары деңгейде жаңғыртып келеді.

– Сыр өңірінде халық мақтан тұтатын біртұтас тұлғалар аз емес. Солардың арасынан даңғайыр дикан Ыбырай Жақаев еңбек адамды ер атандандыратынын дәлелдеп кетті. Туған жер төсіне қайың кетпенімен ерлікке тән еңбек дастанын жазып қалдырды. «Ақ күршітін атасы» атанды. Кеңестік кезеңдегі ең жоғары марапат – Социалистік Еңбек Ері атағын екі дүркін иеленуі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атануы кара-

пайым еңбек адамын бағалаудың үлгісі болды, – деді облыс әкімі.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы іс-шараға қатысушыларды құттықтап, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Депутат өз сөзінде даңғайыр диканның өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болатынын жеткізді. Еселі еңбектің арқасында ел мерейін тасытқан Ыбырай Жақаев қашанда қарапайым қалпымен халықтың жүрегінде қалды. Сондықтан алдағы уақытта даңғайыр диканды дәріптеу ісіне жеткілікті деңгейде мән берілуі тиіс. Осы орайда облыс орталығынан оған арналған музей мен еңселі ескерткіш бой көтергені артық емес.

2-бет



● КОНФЕРЕНЦИЯ

Тарихи сәттер таразыға түскенде



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Тұңғыш Президент және Тәуелсіз Қазақстан: өркендеудің 30 жылы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияға ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы, саяси ғылымдар докторы

Мұрат Бактиярұлы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, Ұлттық ғылым академиясының академигі, облыстық қоғамдық

кеңес төрағасы Бакберген Досманбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, белгілі әнші-композитор Жәніс Сейділлаулы, айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов және Сыр талағайы, ауыр атлетші Илья Ильин қатысты. Сондай-ақ зиялы қауым өкілдері, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының белсенділері,

2-бет

● ҚҰРЫЛТАЙ

Мемлекеттік тіл мәселесі қозғалған маңызды жиын

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында Түркістандағы «Ғағаб» кітапханасында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VI құрылтайы өтті. Мемлекеттік тілдің мәселесі қозғалған маңызды жиынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаев, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ерлы Тоғжанов, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырлары қатысты.

Құрылтайда Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хаттарын оқып берді. Сондай-ақ, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін маңызды жұмыстар жалғасатынын, елді біріктіретін фактор мемлекеттік тіл екенін атап өтті. Президент әкімшілігі мен ел үкіметі тарапынан қазақ тілінің мәртебесін көтеруге барынша қолдау көрсетіле беретінін мәлімдеді. Мемлекеттік тіл саясатын тиімді іске асыру бағытын саралап, тиісті тапсырмалар мен жоспарларды бекітті.

5-бет

Модельдік пәтер ашылды

Талсуаттағы мүгедектерге арналған оялту орталығында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға келергісіз орта қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған еліміздегі алғашқы модельдік пәтер ашылды. Салтанатты шараға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Руслан Сақеев, облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова және БҰҰ даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Бернш қатысты.

2-бет

Өзара сенім мен әріптестік серпіні

Бұдан бөлек, екі ел басшылары Бреттон-Вуд институттары, халықаралық ұйымдар аясындағы өзара ықпалдастықты қарастырып, аймақтық күн тәртібіндегі мәселелерді, оның ішінде Ауғанстандағы жағдай мен осы елге гуманитарлық көмек көрсету мәселесін сөз етті.

Сонымен қатар пандемияға және климаттың өзгеруіне қарсы күреске, Орталық Азиядағы су дипломатиясына қатысты өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ги Пармелан саяси және экономикалық байланыстардың оң қарқынын атап өтіп, екіжақты байланыстардың барлық бағыты бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екендерін білдірді. Мемлекет басшысы Швейцариямен жан-жақты қатынастарды дамытуға баса мән беретінін және осы елді Қазақстанның Еуропадағы маңызды саяси әрі экономикалық әріптесі санайтынын айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Ги Пармеланға Қазақстанда жүргізіліп жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалар жөнінде айтты. Екі ел басшылары ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, фармацевтикалық өнеркәсіп және «жасыл» жобалар салаларындағы бірлескен жұмыстарды атқару үшін

мемлекеттеріміздің әлеуеті зор екенін айтты.

Келіссөздер аяқталған соң Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Швейцария Президенті Ги Пармелан белгілі дипломат және саяхатшы Анри Мозердің бірегей экспонаттар топтамасындағы керемет жәдігерлердің бірі – қазақтың барқыттан жасалған тұскілемін бірге тамашалады.

Аталған жәдігерді қазақ сұлтаны Баймұхаммед XIX ғасырда швейцариялық дипломатқа тарту еткен. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында аталған жәдігер екі ел арасындағы мәдени байланыстардың ерекше символына айналды.

Анри Мозердің топтамасында тұскілемдер, ұлттық қарудың түрлері: айбалталар, қылшытар, қанжарлар, сондай-ақ ат әбзелдері және басқа да бұйымдар бар. Қазақ даласының билеушілері аталған жәдігерлерді зерттеушіге сыйлық ретінде берген және олар Швейцарияға жеткізілген. Экспонаттардың ішінде тұскілемдердің алатын орны ерекше. Олар қазақ халқының көркем туындысы ғана емес, сонымен қатар Қазақ хандығының тарихын ғылыми тұрғыда зерттеу үшін құнды материал болып табылады. Мемлекет басшысы тұскілемнің бірегейлігін және оның тарихи құндылығын атап өтіп, аталған өнер туындысының Қазақстанда да көрмеге қойылатынына үміттенетінін айтты.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Ортақ мәселелер талқыланды



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) тұрақты өкілі Якуп Беришпен кездесті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова, облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғанияев және БҰҰДБ өкілдері қатысты.

Отырыста тараптар БҰҰДБ арқылы облыста маңызды жобаларды жүзеге асыру және адам дамуының индикаторларын жоғарылату үшін аймақ әлеуетін қалай пайдалану керектігін талқылады.

Аймақ басшысы елімізде осыған дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арқылы гендерлік теңдік пен адами капиталды дамыту мәселесінде жан-жақты талдау жасалып, бірқатар жобалардың жүзеге асырылғанын, оның ішінде екі заңның қабылданғанын айтты.

БҰҰ Даму бағдарламасының тұрақты өкілі Якуп Бериш жергілікті даму аса маңызды сала екенін, осы мәселелерді шешуде бірлескен жұмыстар аса қажеттігіне тоқталды. Бұл ретте Сыр өңірімен серіктестікті қайта жаңғыртуға мүдделі, нақты қажеттіліктерге көмектесу үшін жергілікті әкімдіктермен тікелей жұмыс істеуді назарға алғандарын жеткізді. Тұрақты өкіл өңірді дамыту жоспары мен мемлекеттік бағдарламалардан бөлек, жеке жобаларды қолдауға дайын. Оң нәтижеге тезірек қол жеткізу үшін әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлуді ұсынды.

Айта кетейік, БҰҰДБ мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мүдделілігі бар адамдарға бейімделген модельдік пәтер құру бойынша пилоттық жобаны іске қосты. Бірлескен жоба шеңберінде аймақтағы оналту орталығының базасында мүдделілігі бар адамдарға қолжетімді модельдік пәтер ашылды. Ерекше күтімді

қажет ететін адамдардың өмір сапасын арттыруға бағытталған арнайы пәтерде арбамен қозғалатын адамдар үшін барлық жағдай жасалған. Басқосуды қорытындылаған облыс әкімі өңіргеі өзекті мәселелерді БҰҰДБ-мен бірлесе шешуді ұсынды.

– Әрине, БҰҰДБ арқылы жергілікті мәселелерге назар аудара отырып, ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Сіздердің ұсыныстарыңыз негізінде бірқатар бағыттарда жұмыс істеуге әзірміз. Өсіресе, экология, білім беруде жан-жақты жобаларды іске асыруымыз қажет. Мүдделілігі бар адамдарға қолайлы орта жасау ісінде министрлікпен бірге іске асырған пилоттық жобаларыңыздың да маңызы зор, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, 2000 жылдан бастап БҰҰ басқа агенттіктерімен бірлесіп БҰҰДБ Министрлікке келісімімен төмендетуге, арнайы әлеуметтік қызметтер жүйесін құруға, халықтың осал топтарын әлеуметтік қолдаудың тиімді моделін жасауға және мүдделіліктерге ерекше назар аудара отырып, жұмыспен қамтуға бағытталған стратегиялық құжаттар мен бағдарламаларды іске асыруда қолдау көрсетіп келеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасы негізінде әзірленген Шиелі ауданы бойынша Жол картасы 7 бағытты қамтитын 91 іс-шаралар тұрады. Жыл басынан бері оның шеңберінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

Атқарылған істер ауқымы



Аудан еңбеккерлері су тапшылығына қарамастан, егіннен табысты өнім алды. Басты дақылмыз – күріштен орта өнім 55 центнер болып, жалпы 66 214 тонна өнім жиналды. Биылғы жылы ақ күріштің атасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жакаевтың ізбасарлары – аудан күрішшілері жоғары өнімге қол жеткізіп, жыл қорытындысымен Шиелі ауданы егін шаруашылығы бойынша облыста «Озат аудан» атанды.

Сонымен қатар, өмір сапасын жан-жақты арттыруды қолдау үшін қабылданған «Ауыл – ел бесігі» және «Құтты мекен» партиялық жобаларын іске асыру жұмыстары жалғасын тауып келеді. Биыл аудандық бюджеттен 16 елді мекенге (Шиелі кенті, Ө.Тәжібаев, Тартоғай, Бала би, Ортақшыл, Тұрсынбай датқа, Н. Бекежанов, Бұланбай бауы, Алғабас, Желек, Еңбекші, Бестам, Бидайкөл, Алматы, Досбол би, Ақмая) барлығы 153 млн теңге қаржы бөлініп, көшелер жарықтандырылды.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту мен тұрғындарды баспанамен қамту – Жол картасында қамтылған негізгі міндеттердің бірі. Себебі, жер кезегінде тұрған тұрғындар саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Биыл ауданның 100 отбасын жер учаскесімен қамтамасыз ету жоспарланды. Инфрақұрылым тартылған учаскелерден 154 отбасыға жер берілді. Баспана мәселесін шешу үшін де көптеген жобалар қолға алынды. Шиелі кенті «Береке» шағын ауданында 25 тұрғын үй салуға республикалық және облыстық бюджеттен 458 млн теңге қаралып, игерілді. Мамыр айында пайдалануға берілді. 18 пәтерлік 4 тұрғын үй құрылысы жұмысына республикалық және облыстық бюджеттерден 709,7 млн теңге қаралған. Жоба бойынша әр тұрғын үйде 12 пәтер екі, 6 пәтер үш бөлмелен тұрады. Нисан кестесі жылы әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілме.

«Көгілдір отынмен» қамту жұмыстары да қызу жүргізілуде. Тұран ауылдық округіне газ құбырын және орамшылқ газ тарту желілерін салуға республикалық бюджеттен 557,4 млн теңге қаржы қаралған. Жоба бойынша 3,2 шақырым жоғары қысымды, 30,24 шақырым төмен қысымды газ құбыры, екі шафты газ реттегіш пункт бар нысан пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен Керделі ауылдық округіне газ құбырын жүргізуге барлығы 327,3 млн теңге қаржы қаралған. Жуантөбе, Ақмая ауылдық округтерін газландыруға облыстық бюджеттен 745,9 млн теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары аяқталды. Қазір жобалау-монтаждау жұмыстары басталды. Бұл елді мекен тұрғындары алдағы жылы «жөгілдір отынның» игілігін көреді.

Шиелі ауданы аумағында автомобиль жолының жалпы ұзындығы 323,4 шақырымды құрайды. Оның 80 шақырымы республикалық, 98 шақырымы облыстық және 145,4 шақырымы аудандық маңыздағы автомобиль жолы санатында. Аудандық маңыздағы жолдың 136,7 шақырымы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Сонымен қатар, кент және ауылшылқ көшелердің саны – 401, ұзындығы 395,38 шақырымды құрайды. Оның ішінде, 198,69 шақырымы асфальтты, 145,69 шақырымы қиыршықтасты, 51 шақырымы топырақты, көшелердің жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 87,1% құрайды. Биыл 66,1 шақырым автомобиль жолын орташа жөндеуге барлығы 1 млрд 383,29 млн теңге қаржы қаралған.

Экологиялық түйткілдерді жоюдың бір алғышарты – көгалдандыру. Осы орайда биыл ауданымызда 16400 түп ағаш отырғызылды. Кент және ауылдық округ елді мекендерінің айналасына қосымша 1 гектар алаңға жасыл белдеу жасалып, барлығын қоса алғанда 25 000 түп көшет отырғызылды.

Алдағы жылы да «Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасының Жол картасындағы жобаларды жүзеге асыруды жалғастырамыз. Жолдарды күрделі, орташа жөндеуге республикалық және облыстық бюджеттен 220 млн теңге қаржы қарастыру жоспарлануда.

Партияның сайлауалды бағдарламасы халыққа қажетті нақты жобалардан құралған. Сондықтан біз индикаторларды уақытында сапалы орындау арқылы елдің әлеуетін көтеруге, әр тұрғынның өмір сүру сапасы мен әл-ауқатының жақсаруына жұмыс жасайтын боламыз. Біздің негізгі міндетіміз – сайлауалды уәделерді орындау және сайлаушылар сенімін ақтау.

Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 23 қарашада өткен партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында ұсынылған қазақстандықтар үшін бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидалар жиынтығын айта кеткен жөн. Бұл еліміздің рухани дамуына серпін болады деп сенемін. Осы орайда біз қолда бар ресурс пен мүмкіндікті пайдалануға, нәтижелі жұмыс атқаруға және көздеген максатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз керек. Осылайша біз Тәуелсіздігімізді баянды етіп, ел тұтастығын сақтап, отбасылық құндылықтарды жаңғыртып, ұлт мәдениетін насихаттап, терең білім мен адал еңбекке ден қоятын ел боламыз.

Нарман МАҚҰЛБЕКОВ,
«Nur Otan» партиясы
Шиелі аудандық филиалының төрағасы,
аудан әкімі

Ерлікке тән еңбек дастаны

Конференция барысында Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Қамбарбек Мұбараков «Қазақстанның күріш шаруашылығын дамыту перспективалары» тақырыбында баяндама жасады. Сондай-ақ, Ресей Федерациясының Күріш федералды ғылыми орталығының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Максим Ладатко мен Өзбекстан Республикасындағы Қарақалпақ дөңді және дөңді-бұршақты дақылдар Ғылыми зерттеу институтының ғылыми тәжірибе станциясының маманы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Есбосын Садықов өз өңірлеріндегі күріш өсіру бойынша селекциалық жұмыстар барысы мен өзара әріптестік мүмкіндігін таныстырды.

Шарада Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрайымы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Шолпан Бастаубаева елімізде малазықтық дақылдарын өсірудің озық технологияларын сөз етсе, Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Теміржан Айтбаев картоп және көкөніс-бақша салаларын дамыту және қолдау шараларына тоқталды.

Одан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылым академиясының академигі Серікбай Өмірзақов Арал өңірінің су шаруашылығы саласындағы проблемаларды шешу жолдарын сөз етті. Ал Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институтының басқарма

төрайымы Раушан Рамазанова Қызылорда облысының топырақ құнарлылығын арттыру жолдарын сараласа, Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының төрағасы Бақытжан Дүйсембеков күріш дақылдың ауыспалы егістігінде зиянды организмдерге қарсы өсімдік қорғау шараларын тиімді қолдану технологияларына талдау жасап, аймағымызда барлық ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге мүмкін деп тұжырым жасады. Ал «Өндірістік микробиология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ерік Шорабаев ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын биологиялық препараттар туралы баяндады.

Іс-шара соңында облыс әкімі бірқатар сала үздігі мен егін шаруашылығы мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдарға Ыбырай Жакаевтың 130 жылдығына арналған арнайы төсбелгіні табыстады.

Айта кетейік, өңірімізге даңғайыр дикан мерейтойын атап өтуге арнайы келген қонақтар облыс орталығындағы Ы.Жакаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының жұмысымен танысты. Сондай-ақ, іс-шара аясында атақты күрішшінің ескерткішіне гүл қою рәсімі өткізілді.

Еске салсақ, осыдан 5 жыл бұрын даңқты диканның 125 жылдық мерейтойы аясында да Ыбырай Жакаев атындағы күріш өсіру тарихы музейінің жаңа ғимараты пайдалануға берілген еді. Қазіргі таңда облыста «Жакаевшылар ізбасарлары» қозғалысы ауылдық ұжымдарда еңбек етуде.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



Салтанатты шарада Елбасының Сыр өңіріне сапарлары туралы арнайы әзірленген бейнеролик көрсетілді. Партия филиалының төрағасы жиналғандарды Тұңғыш Президент күнімен құттықтап, Елбасының ерен еңбегін атап өтті.

– Бұл – елді егемендікке жеткізген Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа 1991 жылы халқымыздың ел тізгінін ұстатқан күн. Осы күннен бастап Тұңғыш Президенттің бастамаларына қолдау жасай отырып, Тәуелсіздігіміз тұғырына қонды және еліміз биік белестерді бағындырды. Мемлекетіміздің әлем елдері арасындағы абыройы мен беделі уақыт санап артып келеді.

Тәуелсіздікті түп еткен оралпы 30 жыл ішіндегі Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық жетістіктері Елбасының елді жаңғыртуға бағытталған, болашаққа бағдар берген түбегейлі реформалары арқылы жүзеге асырылды. Мұның барлығы да бүгінгі тәуелсіздігімізді баянды ету жолындағы Елбасының еселі еңбегінің, көреген саясатының жемісі деп білеміз. Тұңғыш Президент «Nur Otan» партиясының ел тағдырына жауапты ең басты саяси күшке айналуына да зор еңбек сіңірді. Біздің алдымызда елдігіміздің мызғымас тұғыры бірлік пен келісім арқылы қатерлі құндылығымыз тәуелсіздігіміз бен мемлекеттілігімізді сақтау міндеті тұр, – деді партия филиалының төрағасы.

Мұнан соң түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген азаматтарға партиялық билет табыс етті. Қоғамдық-саяси шараларға үлес қосқан партия белсенділерін облыс әкімінің Алғысымен марапаттады. Облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, қоғам қайраткері Бакбергін Досманбетов Тәуелсіздіктің құндылығы туралы ойын ортаға салды. Жиынға онлайн қосылған азаматтар лебіз білдірді. Қазақстан халқы ассамблеясы Арал ауданындағы келісім кенесінің төрағасы, Арал ауданының құрметті азаматы Нұралы Оспанов Тұңғыш Президенттің Аралға қамқорлығы жөнінде айтты. Қармақшылық жырау Бидас Рүстембекұлы ұлттық

мәдениет пен салт-дәстүрді дамытудағы жетістіктерге тоқталды. Ал шиелілік шаруалардың атынан сөз алған «Ақмая» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Жұмбеков күріш егуден «Озат ауданның» дала еңбеккерлерінің жетістігін бөлісіп, мерекелік құттықтауын жолдады. Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Рыбина елдігіміздің мызғымас тұғыры – бірлік пен келісім туралы ойын жеткізді.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті журналистика факультетінің 2-курс студенті Бақытәлі Жамбыл Елбасының кандидаттарға деген қамқорлығына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елге келген отандастардың атынан тілегін жеткізді. Қытайдан келіп білім алып жүрген жасы жырдан шашу шашты. Салтанатты жрын облыстық филармония әнішісі Жалын Жүсіповтің орындауындағы «Атамекен» әнімен аяқталды.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Партия қатары толықты

1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай «Nur Otan» партиясының қатарына салтанатты қабылдау шарасы өтті. Оған облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова қатысты.

Мәдениет пен салт-дәстүрді дамытудағы жетістіктерге тоқталды. Ал шиелілік шаруалардың атынан сөз алған «Ақмая» шаруа қожалығының басшысы Дәулет Жұмбеков күріш егуден «Озат ауданның» дала еңбеккерлерінің жетістігін бөлісіп, мерекелік құттықтауын жолдады. Назарбаев Зияткерлік мектебінің баспасөз хатшысы Елена Рыбина елдігіміздің мызғымас тұғыры – бірлік пен келісім туралы ойын жеткізді.

Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті журналистика факультетінің 2-курс студенті Бақытәлі Жамбыл Елбасының кандидаттарға деген қамқорлығына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елге келген отандастардың атынан тілегін жеткізді. Қытайдан келіп білім алып жүрген жасы жырдан шашу шашты. Салтанатты жрын облыстық филармония әнішісі Жалын Жүсіповтің орындауындағы «Атамекен» әнімен аяқталды.

Гүлбану МАҚАЖАН,
«Сыр бойы»

Модельдік пәтер ашылды

Орталықтағы жаңа модельдік пәтер – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен БҰҰ даму бағдарламасының бірлескен жобасы. Заманауи пәтер мүмкіндігі шектеулі жандардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алатындай етіп жабдықталған. Шараға қатысушыларды орталық жұмысымен мекеме директоры Манат Тілеуова таныстырды.

Орталық 2012 жылдан бастап жұмыс жасауда. Содан бері 9 мыңнан

астам адам қызмет алып, оның ішінде мыңға жуық адамның емі нәтижелі өткен. Бір мезгілде 150 адамды қабылдай алатын орталық мүмкіндігі шектеулі азаматтарға негізгі 7 бағыт бойынша қызмет көрсетеді.

Ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға көрсетіліп жатқан арнаулы әлеуметтік қызметтермен танысқан соң қонақтар Халықаралық мүдделер күніне арналған іс-шараға қатысты. Онда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Руслан Сакев сөз сөйлеп, орталықтың қызмет

алушыларының тезірек сауығып, отбасына аман оралуына тілектестік білдірді.

– Еліміз Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде жеткен маңызды жетістіктеріміздің бірі – мүдделілігі бар жандарды қолдау, қорғау бағытында көптеген іс-шаралар атқарылып жатыр. Бүгін де сондай шараның күсі болып отырмыз. Осындай пәтер үлгісін болашақта құрылып, тұрғын үй салаларына стандарт ретінде енгіземіз. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандарды тұрмысқа бейімдеу үшін керек.

Сондықтан, тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жасайтын боламыз, – деді вице-министр.

Мұнан соң облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменова БҰҰ даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Якуп Беришке аймақ басшысының алғыс хатын табыстады.

Өз кезегінде Руслан Сакев «Жылы жүрек» жастар қоғамдық қорының төрағасы, белсенді азамат Сағатбек Қуанышбайұлы, облыстық саняруалар қоғамы төрағасы Алтынғұл Айдарбекқызы,

мүдделілерді қорғау саласындағы облыстық координациялық кеңес мүшесі Александр Ульяновский, қоғам белсендісі Құлпаш Қунышгарова және мүдделіліктерге арналған оналту орталығы директоры Манат Тілеуоваға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің алғыс хатын табыстады.

Сондай-ақ, қоғам белсендісі, кәсіпкер Тамара Ақмағамбетова облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

«СБ» ақпарат

1-бет

● БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ

Сырға толы Сыр бойына сапарлар

«Сыр – Алаштың анасы» деген Елбасы сөзі бүгінде сырбойылықтардың ғана емес, дүйім елдің аузындағы сөз маржанына айналғаны белгілі. Қызылорда жайлы әңгіме қозғала қалса, ең алдымен осы тіркестің тілге оралатыны да сондықтан. Тәуелсіздік алғашы бері қалтқысыз қамқорлыққа бөленген өңір жұртшылығы берекелі тіршілік тінін жалғап, алдыңғы қатардағы аймақтардың сапына енді. Елбасының Сыр еліне келген әр жұмыс сапары өз ерекшелігімен есте қалды. Солардың бірнешеуіне тоқталсақ.

С Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Тәуелсіздік тарихына көз салсақ, алғашқы жылдардағы жағдай тым ауыр еді. Тұңғыш Президенттің жұмыс үстелінде экологиялық апат аймағына айналған Қызылорда облысының тағдырына қатысты тарихи құжат жатты. Бірақ Елбасы сактардың ордасы, бергің келе оғыз-қыпшақ бірлестіктерінің орталығы, Алтын Орда мен Ақ Орда хандарының туын тіккен қасиетті топырақтың, 1925 жылы Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болып, ұлтымыздың тарихи қазақ атауы қайтарылған қасиетті жердің мәртебесін сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Осылайша 1992 жылы 30 маусымда «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заң күшіне енді. Бүгінде бұл заң Арал маңы халқының әлеуметтік мәселелерін жақсартуға айтарлықтай үлес қосып келеді.

1993 жылдың 26 наурызында Қызылорда қаласында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының тарихи саммиті өтіп, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚК) құрылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының биік мінберінен Арал мәселесін көтеріп, әлем назарын аударды. Сөйтіп жер бетінен жоғалғалы тұрған теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалу туралы шешім қабылданды.

Елбасының Қызылорда облысына, оның ішінде аралдықтарға деген қамқорлығы мұнымен шектелген жоқ. Мәселен, 2005



жылғы кезекті жұмыс сапарында Арал ауданына арнайы келіп, көптеген түйткілді мәселелер оң шешімін тапты. Соның бірі – талай жылдан бері халықтың мұңына айналған таза ауызу. Нұрсұлтан Әбішұлы осы сапарында таза ауызу желісін іске қосты. Арал халқы бүгінде оның рахатын көріп отыр. Сонымен қатар, облыс аумағынан өтіп жатқан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ магистралінің игілігі аудан орталықтарына да жетті.

Елбасының 2011 жылғы өңірге жасаған кезекті жұмыс сапары «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзит дәлізі жобасының барысымен танысудан басталғаны әлі есте. Қазір бұл автодәлізді тәуелсіздігіміздің Сыр еліне тарту еткен ірі сыйларының бірі деп мақтанышпен айта аламыз. Осы сапарда сондай-ақ, Нұрсұлтан Әбішұлы Сырдария ауданының Н.Илиясов атындағы ауылында болып, «Нағи ауылында сексен жылда істелмеген шаруа атқарылыпты» деп ризалық білдірген еді. Бұл, әрине, ауылға қаржы құйып, ел

жағдайын көтерген «Абзал и К» серіктестігінің серпінді еңбегі болатын. Кейін «Nur Otan» партиясының кезекті съезінде Елбасы «Тәуелсіздік жылдарынан бері еске алатын болсақ, барлық жағдайымызды Қызылорда өңірімен-ақ салыстырып білуге болады. Кенес одағы күйреген 90-жылдардың басында менің алдымда бүткіл Қызылорда халқын көшіру турасында мәселе тұрған болатын. Дала қанырап қалды, жер сортанданды. Арал аймағында жұмыс қалмай, Сырдың өзінде бірде су тапшы болса, енді бірде асып-тасып жатты. Сонда ақсақалдармен ақылдасып, бәрін қолға алып, жағдай жасауды бастадық. Кіші Аралға халық қайта келіп, балық кәсібіне ден қоя бастады. Қызылорда арқылы өтетін автокөлік желісі салынды. Газ құбыры да бағыстан оңтүстікке келді. Сырдың үстінен көпір салынды. Қызылорданың өзі де көркейіп, әлемнің 20 елінде ғана жүрекке жасалатын операция осында жасалатын болды» деді.

Нұрсұлтан Әбішұлы 2013,

2015 және 2017 жылы да Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген. Әр сапары жаңалыққа, жақсылыққа толы болды. Мәселен, 2017 жылғы кезекті сапарында Ұлт көшбасшысы алдымен жер кіндігі болған Байқоңырға табан тіреді. Сапардың ғарыш кешенінен басталуы жайдан-жай емес. Ғарыш қақпасының ел бірлігінің ерен үлгісі екенін айта кеткен абзал. Мұнда Тұңғыш Президент Қазақстан мен Ресей арасында қабылданған ынтымақтастық тұжырымдамасының іске асырылу барысын барлап, «Бәйтерек» бірлескен жобасына қатысты атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Әлем көз тіккен ғарыш кешенін өнеркәсіп пен жоғары технологияға бағыттаған орталық ретінде дамыту, жаңа зымыран кешенін салу екі ел үшін де ерекше жоба екенін айтып өтті.

– Ресеймен жасалған уағдаластықтар аясында кешенді дамытудың стратегиялық бағыттары айқындалды. Арнайы құрылған үкіметаралық комиссия мен үкіметтеріміз тиісті

жұмысты үйлестіруде. Нақты шаралар қабылданып жатыр. Осылайша қаланы өнеркәсіп пен жоғары технология орталығы ретінде дамыту көзделіп отыр. Ал «Бәйтерек» жобасына келетін болсақ, оны іске асыруды жеделдету және жаңа зымыранды іске қосу мерзімі 2025 жылдан 2022 жылға дейін ауысты. Біз Ресеймен бірлесіп ғарыштық державаға айналуымыз керек, – деді сол кезде Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Байқоңырдан кейін Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне келді. Қорқыт бабамыздың құрметіне қойылған ескерткіш 1980 жылы бой көтерген еді. Ал 2014 жылы Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей тапсырмасы бойынша мемориалдық кешен қайта жаңғыртылып, оның жанынан қосымша зиярат ету орталығы салынды. Мәдени кешен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодәлізінің бойында орналасқан. Бұл туристер ағымының, әсіресе «ЕХРО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі кезінде шетелдік қонақтар қатарының артуына ықпал жасады. Сонымен қатар Тұңғыш Президент Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қала жобасымен танысты. Сырдарияның арғы беті мен бергі бетін байланыстыратын жаңа көпірде құрылысшылармен жүздесті. Сонымен бірге «Нұрсұлтан» есімін иеленген үздік оқушылар да Елбасымен жүздесуге облыс аудандарынан арнайы келді. Сол кезде 2 сыныпта оқитын аралдық Нұрсұлтан Жақсыкелдиев.

– Мен болашақта ұшқыш болғым келеді. Әжемің, бірге оқитын достарымыз және көрші балаларды самолетпен қидыртқым келеді. Әсіресе, Сіз салған Астананы көргім келеді. Өйткені бәрі сол қаланы мақтайды, – деп балалық арманын айтқаны әлі есімізде. Тәуелсіз елдің азат ойлы өркенін асқақ арманын тыңдаған Елбасы кішкентай аттасының басынан сипап, ата-анасымен бірге бас қалаға қидырып қайтуға шақырды. Балғын Нұрсұлтанның арманын назарға алған облыс басшылығы оның әсем елордаға сапарлап қайтуына қолғабыс көрсетті. Тәуелсіздік жылдарындағы Сыр елі тұрғындарының болашаққа ұмтылысына, іргелі істерді жүзеге асырудағы әр бастамасына Елбасы үзбей қолдау көрсетті. Соның арқасында халықтың табысы артты, тұрмысы жақсарды, ең бастысы, ертеңге деген сенімі нығайды.

Қазіргі таңда аймағымыздағы Арал, Қазалы өңірінде бірнеше балық зауыты жұмыс істейді. Балық шаруашылығы саласында жеткен жетістіктер осы кәсіпорындармен тікелей байланысты десек қателеспейміз. Өйткені, шет елдерге экспортқа жөнелтіліп жатқан өнімдер осында өңделеді. Бұл ретте Кіші Аралды сауықтыру кепілі болған САРАТС жобасының, яғни «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының маңызы ерекше дер едік. Жалпы, Аралдың солтүстік бөлігіндегі Кіші Аралды сақтап қалу идеясы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен қолға алынды.

С Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

САРАТС немесе КІШІ АРАЛДЫҢ КЕМЕРІ

Ол Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Арал проблемасын ашық айтып, әлем елдерінің назарын аударды. Мәселенің өткір екенін Орталық Азия елдерінің басшыларына түсіндіріп, бірлесе шешуді үндеп, Президенттердің басын Қызылорда қаласында қосты. Бұл 1993 жылдың 26 наурызы еді. Конференция барысында Арал теңізі және сол маңдағы проблемаларды шешу, экологиялық сауықтыру және экономикалық дамуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен әрекеттер туралы келісімге келіп, Аралды құтқару халықаралық қоры туралы ережеге қол қойды.


Конференциядан кейін Арал дағдарысын қалпына келтіруді Аралды құтқару халықаралық қоры бастады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму, Экологиялық бағдарламасымен, ЮНЕСКО, Бүкіләлемдік банк, Азия даму банкі, ТАСИС ұйымдарымен, сонымен қатар, Германия, Дания, Израиль, Канада, Нидерланд, АҚШ, Швейцария, Кувейт және басқа да донор елдер үкіметтерімен біріге отырып, АҚХК аймақтың әлеуметтік және экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған түрлі жобалар мен бағдарламалар жүргізіп келеді.

Атап айтқанда, 1994 жылы Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары «Арал теңізі алабының бағдарламасын» қабылдады. Бағдарлама арқылы қоршаған ортаның жағдайын тұрақтандыру, бүлінген экологияны қалпына келтіру, алқаптың су және жер ресурстарын қалпына келтіру және басқа да жұмыстар көзделді.

1997 жылдың бірінші жартысында бағдарламаны қаржыландыратын Орталық Азияның бес елі және негізгі халықаралық ұйымдар мен оның ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымы анықталды. Су ресурстарын басқарудың аймақтық стратегиясы, су қоймаларын және бөгеттердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, гидрометеорологиялық қызметтер, экологиялық ақпараттың аймақтық жүйесін, су сапасын басқару, Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру және басқа да шаралар жүйеленді. Мәселен, құны 65 млн АҚШ доллары тұратын «Сырдария өзенінің ағысын және Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі су деңгейін реттеу» жобасын сәйкестендіру және бағалау бойынша жұмыстар 1998 жылы басталды. Оған Бүкіләлемдік банк, Германия үкіметі және Кувейт қоры қаржы салды.

2002 жылдың 6 қазанында Душанбе қаласында Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттерінің басшылары бағдарламаның бірінші кезеңін талқылап, екінші кезеңін бастауға уағдаласты. Солтүстік Аралды қайта қалпына келтіру жұмыстары «ал, суретке түсейік» деді. Осы кезде фототіліші Болат Омаралиев те фотоаппаратын сыртылатып жатты. Көтеріңкі көңіл-күйде бірнеше рет ескерткіш суретке түсті.

Нүрекең әңгімесінің соңында: – Еліне сәлем айт, бүгін осында ұққаныңды халқыңа жеткіз, – деді. Сол жолы Елбасы ауылдағы жұмыстың барлық ауыртпалығын көтеріп жүрген ауыл әкімдеріне су жана автокөліктердің кілтін тапсырды. Халық игілігі үшін мініп, қызмет атқаруымызға тілектестігін білдірген еді.



Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы

Естен кетпес ерекше сәт

2003 жылдың сәуір айының 13-жұлында Елбасы іссапарымыз біздің облысқа келді. Осы жылы ауылды қолдаудың үшжылдық бағдарламасы қабылданып, жүзеге асып жатқан. Мен Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылының әкімі едім. Елбасы «Құмкөл» кенішінде болып, түске таман «Қараөзекте» салынып жатқан су тоспасын көріп, Қалжан ахун ауылына келді. Ауылдың шағын клубына облыстың іс басында жүрген азаматтары, түрлі деңгейдегі әкімдер, кәсіпкерлердің шағын тобы шақырылатын. Нүрекең азаматтармен амандасып, президентімізге жайғасып, елдің амаңдығын, көңіл-күйін сұрады.



хабарламасынан соң, қойылған сауалдарға жауап беріп, сыртқа беттеді. Біз де орнымыздан тұрып, Елбасымен сәлемдесе бастадық. Ол кісі бейджіме қарап:

– Ал, ауыл әкімі жағдай қалай? – деп сұрақ қойды. Өзімді таныстырдым.

– Нүреке, жылдың алғашқы айында Сыр еліне келіп, өзіңіз айтқандай ғұлама Қалжан ахунның ауылына ат басын тіредіңіз. Басталып жатқан игі ісіңіз берекелі болып, халықпен кездесудегі тілегіңіз қабыл болсын, – деп қос қолымен сәлем бердім.

– Өзіңе де соны тілеймін. Елдің жағдайы қалай? «Ауыл жылдары» қалай жүзеге асырылып жатыр? Түптеп келгенде соны жүзеге асыратын сендерсіңдер ғой, – деп әңгімеміз жалғаса берді.

Кездесуді пайдаланып, ел

жайлы, өтпелі кезеңдегі қиындықтарды, оны жеңу жолындағы атқарылып жатқан жұмыстарымыз туралы толық мағлұмат беруге тырыстым.

– Нүреке, Бұқарбай батыр ауылы – аудандағы іргелі елді мекен. Кешегі Кеңес дәуірінде татулығы мен достығы жарасқан он екі ұлт өкілі бір кісінің баласындай еңбек етті. Ел байлығын тасытты. Өтпелі кезеңнің азды-көпті қиындықтарын жеңіп, артқа тастадық. Сіздің тікелей басшылығыңызбен қабылданған «Денсаулық жылында» бұрынғы қысқарып, жабылып қалған 25 орындық ауыл ауруханасын жөндеп, емханаға айналдырдық. Қазір онда дәрігер мен бірнеше медицина қызметкері еңбек етуде. «Мәдениет жылында» 420 орындық мәдениет үйін жөндеп, қалпына келтірдік. Бұл жұмыстарға ауылдан шыққан

кәсіпкерлер мен шаруашылық құрылымдары демеушілік жасап, көмек көрсетті. Олар ойын-сауық құралдары мен көркемөнерпаздарға киім, тағы басқа заттармен қамтамасыз етті. Бұл жылдар өзінің нәтижесін беріп, жақсы аяқталды. Биыл басталған «Ауыл жылдары» халық жылы қабылдап, жүзеге асыруда. Біріншіден, халық бұрынғы «мені мемлекет асырайды» деген масылдықтан арылып, жаппай еңбек етуге кірісті. Мал ұстап, егін егіп тіршілік жасауда. Майда шаруа қожалықтары бірігіп, серіктестіктер құрылып жатыр. Елде кіші кәсіпкерлік дамып келеді. Іскер азаматтар мен инвесторлар ауылға бет бұрды. Олардың арасында өзара іскерлік ахуал қалыптасты. Мемлекет тарапынан егіншілерге субсидия берілуде. Жанар-жағармайға, минералды

тыңайтқыштарға жеңілдік жасалған.

Елбасы сөзімді бөліп:

– Жасалып жатқан қолдаудың бұл басы. Егіншілерге де, мал ұстаушыларға да жеңілдетілген несие, үлкен көлемде субсидия беріледі. Шағын, орта кәсіпкерлердің салығы жеңілдетіліп, жұмысына кен өріс ашылатын болады. Осының өздерін түсініп, жеткізіндер. Істің нақты орындалатын жерінде, елдің барлық тіршілігіне бас-көз болып жүрген, сенімге ие болған азаматсыңдар. Елдің хал-ахуалы, жастар тәрбиесі, тәртібі, аузыбіршілігі сендердің түсініктерің мен іс-әрекеттеріңе байланысты. Осы істердің ұйытқысы бола білуіңдерің керек, – деп ақыл-кеңес берді.

– Нүреке, еліңіз сізбен бірге, саликалы саясатыңызды қолдаймыз. Ел үшін жасап жатқан игі істеріңізді жүзеге асыруда аянбай еңбек етеміз, – дедім.

Тілегіме ризашылық білдіріп «ал, суретке түсейік» деді. Осы кезде фототіліші Болат Омаралиев те фотоаппаратын сыртылатып жатты. Көтеріңкі көңіл-күйде бірнеше рет ескерткіш суретке түсті.

Нүрекең әңгімесінің соңында:

– Еліне сәлем айт, бүгін осында ұққаныңды халқыңа жеткіз, – деді.

Сол жолы Елбасы ауылдағы жұмыстың барлық ауыртпалығын көтеріп жүрген ауыл әкімдеріне су жана автокөліктердің кілтін тапсырды. Халық игілігі үшін мініп, қызмет атқаруымызға тілектестігін білдірген еді.

«Болашақ» – қазақстандық білім берудің табысты бренді

Осы жылдың 5 қарашасында «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасына 28 жыл толды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашақ» стипендиясын таланты қазақстандықтарға әлемнің үздік жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беру үшін 1993 жылы тағайындаған еді.

Бағдарлама арқылы академиялық оқуға (магистратура, докторантура, резидентура) және әлемнің жетекші ғылыми орталықтары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тағылымдамадан өтуге болады.

«Болашақ» стипендиясы бүгінде бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін табысты платформа болып отыр.

Президенттік стипендияны іске асырудың 28 жылы ішінде экономиканың түрлі секторлары үшін 11 мыңнан астам жоғары білікті кадрлар даярланған.

Деректерге сүйенсек, 6300-ден астам қазақстандық магистратура бағдарламасы, 2800 адам бакалавриат бағдарламасы, 246 адам докторантура, ординатура, аспирантура және интернатура бағдарламалары бойынша академиялық білім алған. 2000 маман шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтті.

– Бағдарламасы басталғалы бұры стипендиаттардың 45,5%-і Ұлыбритания мен Ирландияда, 26,4%-і АҚШ пен Канадада, 12,6%-і континенттік Еуропа елдерінде, 8%-і Азия мен Океанияда және 7,5%-і Ресей Федерациясында оқыды.

Бүгінгі таңда «Болашақ» стипендиаттарының 55%-і гуманитарлық мамандықтар бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындарында, 36%-і инженерлік-техникалық, 7,1%-і медициналық және 1,8%-і шығармашылық мамандықтар бойынша білім алды.

Бағдарлама түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие, бұл туралы статистика көрсетіп отыр. Оның мысалы еңбек мониторингіндегі түлектердің 99%-тен астамы жұмысқа ие болды, – дейді «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Айнұр Кәрібозова.

Білімімізше, Bolashaq Impact 1 Report зерттеуінің нәтижелері бойынша жұмыс берушілердің 90%-і түлектердің тек кәсіби дағдыларын ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық, моральдық және коммуникативтік қасиеттерін де жоғары бағалайды.

11 мың түлектің 52%-і орта және жоғары буын басшыларына дейін өссе, оның ішінде 10%-і – өз стартап жобалары мен компанияларының басшылары. Бағдарлама стипендиаттары экономикадағы сапалы өзгерістер саласында: денсаулық сақтау, адами капиталды дамыту, мемлекеттік басқару, инновацияларды енгізу және бизнес-процестерді оңтайландыру, мәдениет пен өнерді ілгерілету, сондай-ақ қоғамдық бастамаларды іске асыруда көшбасшы болып келеді.

«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, болашақтықтар 28 жыл ішінде орта есеппен 213 мың медициналық операция жасаған, 145 мың оқушы мен студенттерді оқытқан, мыңнан астам ғылыми жұмыстарды жариялаған. Сондай-ақ 90 мыңнан астам баланы кәсіпке баулыған.



Мәселен, 805 түлек денсаулық сақтау саласында қызмет атқарса, оның 545-і тәжірибелі дәрігерлер, 135-і медициналық жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін мамандар. Айталық, олардың ішінде Алматыдағы Халықаралық Вакцино-

логия орталығының жетекшісі Қайсар Табынов COVID-19-ға қарсы екі вакцина әзірлеу, зерттеу тобының құрамында. Web of Science (WoS) деректер базасы бойынша Қайсар Табыновтың дәйексәзділік индексі (H-index) – 9. Ол Scopus-та индекстелген журналдарда 30 мақала және WoS-та 27 мақала, 2 Халықаралық, 2 Еуразиялық және 23 Ұлттық патенттер, сондай-ақ 1 монография жариялады.

Бағдарлама түлеті Мын-

жылы Бердіходжаев бас миының аневризмасын емдеудің жаңа әдістерін енгізіп, Қазақстандағы алғашқы механикалық тромбэктомия жүргізді. Онкология және радиология ҚазҒЗИ онколог-маммологы Назгүл Омарбаева жас ғалымдар тобымен бірге Қазақстандағы жас әйелдердің сүт безі обьрының дамуын генетикалық зерттеулердің рөлі туралы жаһандық зерттеу жүргізді. 2018 жылы Сочида өткен ТМД

елдерінің онкологтары мен радиологтарының X съезінде ұжым «Үздік жас ғалым» атағын алды. Кардиохирург Бауыржан Рақышев алғашқы рет жүрекке шағын инвазивті және тораскопиялық операциялар жасады.

Болашақтықтардың арасында көптеген танымал педагогтар, жанашыл ғалымдар бар. Тек кейінгі 6 жылдың ішінде білім беру саласы үшін «Болашақ» бағдарламасы бойынша

1021 түлек дайындалған. Бүгінде олар бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, оның ішінде ауылдық жерлерде жұмыс істейді.

Айта кетейік, бағдарлама түлектері қазақстандық жоғары білім – Nazarbayev University-дің іске қосылуында басты рөл атқарды, қазір онда 100-ден астам «болашақ» түлектері бар.

– 28 жыл ішінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы елдің стратегиялық басымдықтарына негізделіп отырып, сапалы трансформациядан өтті, стипендия тағайындаудың ашықтығы артты және конкурстық іріктеу толығымен автоматтандырылды.

Халықаралық сарапшылар бағдарламаның тиімділігін атап өтуде. Өйткені стипендиаттар өзімен бірге жаңа идеялар мен тәсілдерді ғана емес, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлемдік қоғамдастығымен жолға қойылған коммуникацияларды да алып келеді, – дейді А.Кәрібозова.

Айта кетейік, 2021 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға 1055 стипендия бөлінген. Оның ішінде 555 стипендия «магистратура», «резидентура», «докторантура» бағдарламалары бойынша және 500 стипендия «ғалымдар» тағылымдамаларының жаңа санаты үшін беріледі. Бұл санат Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында жыл сайын 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз ету мақсатында өмірге келіп отыр.

Бақдәулет БЕЙБІТ

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ Рухани жаңғыру – кез келген қоғамның, ұлт болмысының мәдени дамуы. Уақыт өзгерген сайын адамзат қоғамы да өзгереді, өзгеру үстінде. Қазақ даналығында айтылған «елу жылда ел жаңа» деген өсиет уақыт талабын зерделеуден туындаған.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

Өркениет жолындағы жаңғыру

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сана мәселесі көтерілген. ХХІ ғасырда өзекті саналатын ұлттық санамызға қатысты міндеттер айқындалған. Олар – бәсекеге қабілетті болу, ұлттық прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, қоғам мен жеке адамның рухани өмірінде білімнің салтанат құруы. Осы мақала аясында елімізде бірнеше жобалар іске асырылды. Мәселен, «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихынан хабардар етті. Адамдардың тағдыры мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс тапты дей аламыз. Сонымен қатар, «Жанында жүр жаксы адам» деген сөздің байыбын ұқтырып, қаншама тұлғалардың танылуына мүмкіндік берді. «Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш» деп Елбасының өзі айтқан болатын.

Тұңғыш Президенттің осы мақаладағы тағы бір тапсырмасы қазіргі күні өз жемісін беруде. «Қазақ



түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Біздің халқымыздың әлемдік өркениетке, оның дамуына қосқан зор үлесін зерттеуге шақырады. Біздің Ұлы Дала әлемдік мәдениет пен өркениетке өзінің қомақты үлес қосқаны анық.

Әлемнің жылдам дамуына ықпал ететін маңызды оқиғалардың бірі – металлургия өндірісі. Ежелде адамзат мыстан, темірден, алтыннан және күмістен бағалы тағдар шығарды. Біздің Ұлы Дала осындай ауқымды өндірістік объектілердің бірі екенін Елбасы өз мақаласында айтты. 1969 жылы Қазақстанда табылған «Алтын адам» әлем ғылымы үшін өте маңызды жаңалық болды, яғни, біздің ата-бабаларымыз алтын-күмісті күнделікті өмірдің барлық салаларында қолданғаны тарихи түрде дәлелденді.

Өзінің мақаласында Елбасы біздің Ұлы Дала – бүкіл түркі әлемінің туған жері, сондай-ақ, әлемдік өркениеттің ажырамас бөлігі екеніне, алма мен қызғалдақтың тарихи отаны болғанына ерекше назар аударды. «Қазақстан әлемдік өркениетке не берді?» деген сұраққа нақты жауап берді. Біздің тарихымызды әлемдік тарихпен байланыстырып, Қазақстан мен оның халқы арқаман әлемдік ғылым мен білім беруді дамытуға, өркениеттің дамуына елеулі үлес қосқанын атап өту керек. «Ұлы Даланың жеті қыры» атты стратегиялық мақала кемел келешегіміздің бағыт-бағдарын айқындап көрсетті.

түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді. Біздің халқымыздың әлемдік өркениетке, оның дамуына қосқан зор үлесін зерттеуге шақырады. Біздің Ұлы Дала әлемдік мәдениет пен өркениетке өзінің қомақты үлес қосқаны анық.

Әлемнің жылдам дамуына ықпал ететін маңызды оқиғалардың бірі – металлургия өндірісі. Ежелде адамзат мыстан, темірден, алтыннан және күмістен бағалы тағдар шығарды. Біздің Ұлы Дала осындай ауқымды өндірістік объектілердің бірі екенін Елбасы өз мақаласында айтты. 1969 жылы Қазақстанда табылған «Алтын адам» әлем ғылымы үшін өте маңызды жаңалық болды, яғни, біздің ата-бабаларымыз алтын-күмісті күнделікті өмірдің барлық салаларында қолданғаны тарихи түрде дәлелденді.

Өзінің мақаласында Елбасы біздің Ұлы Дала – бүкіл түркі әлемінің туған жері, сондай-ақ, әлемдік өркениеттің ажырамас бөлігі екеніне, алма мен қызғалдақтың тарихи отаны болғанына ерекше назар аударды. «Қазақстан әлемдік өркениетке не берді?» деген сұраққа нақты жауап берді. Біздің тарихымызды әлемдік тарихпен байланыстырып, Қазақстан мен оның халқы арқаман әлемдік ғылым мен білім беруді дамытуға, өркениеттің дамуына елеулі үлес қосқанын атап өту керек. «Ұлы Даланың жеті қыры» атты стратегиялық мақала кемел келешегіміздің бағыт-бағдарын айқындап көрсетті.

Кез келген ұлт үшін өткенін, әлемге және адамзат қоғамының дамуына әсерін зерттеу, әлемдік тарихта және өркениетте өз орнын анықтау – табиғи құбылыс. Бүгінде Тәуелсіз Қазақстан тұрақты дамып келе жатқан, өз позициясын және көзқарасын еркін білдіретін қуатты, тұрақты елге айналды. Елбасы мақаласы еліміздің көпқырлы, жан-жақты тарихын терең



2015-2016 жылдар

Ендігі кезек 2015-2016 жылдардың енісінде. Қазақстан мен Сыр өңірінде осы жылдары қандай айтулы оқиғалар болды? Тоқталайық.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Алдымен 2015 жылдың төңірегін еске алсақ. Осы жыл басында Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығының ашылуына арналған салтанатты рәсім өтті. Бұл шара Сыр өңірін де қамтыды. Осы орайда біздің аймақта мәдени-қоғамдық өмірде өзіндік орны бар 11 ұлттық-мәдени орталық жұмыс істейтінін айтуымыз керек. Олардың негізгі мақсаты – салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, өнер мен мәдениетті қалыптастыра отырып, бірге дамыту.

2015 жылдың басты жаңалығы – 25 ақпанда Елбасы Н.Назарбаев «ҚР Президентін кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды. Сайлау сол жылдың 26 сәуіріне белгіленді.

Тәуелсіздік: 2015-2016 жылдар

Оған дейін 12 наурызда «Nur Otan» партиясының XVI съезі өтті. Президенттікке үш үміткер болды. Нәтижесінде Н.Назарбаев сайлаушылардың 97,7 процент дауысына қол жеткізіп, айқын басымдықпен жеңіске жеткені белгілі.

2015 жылдың және бір ерекшелігі – Ұлы Жеңістің 70 жылдығы кеңінен аталып өтті. Нұр-Сұлтанда (сол кезгі атауы – Астана) мерейтойға арналған әскери парад ел есінде ерекше қалды десек болады.

Жер кіндігі «Байқоңырдың» біздің өлкеде екенін ескерсек, дәл осы жылы қазақтың үшінші ұлы ғарышқа ұшытты. Айдын Айымбетов халықаралық экипаж құрамында ғарыш станасына аттанды. Аспан әлеміне бортинженер ретінде сапар шеккен Айдын Арал теңізі суын, Каспий теңізінің мұнын өндіріс кезіндегі бұлуы деңгейін зерттеп қайтты.

Ал енді облысқа оралсақ, 2014 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының құрылысы аяқталып, облысты газдандыруға бағытталған кең көлемді жұмыстар басқалған еді. Нәтижесінде, облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандум шенберінде 2015 жылы төрт аудан орталығы – Арал қаласы, Әйтеке би, Шиели және Жанакорған кенттерінде газдандыру жұмыстары аяқталды. Мұнда 130 мыңнан астам адам тұрады.

45 әлеуметтік нысан құрылысы жүргізіліп, 460 мың шаршы метр болат 4227 пәтер салынды. 17 жаңа мектеп пайдалануға беріліп, Байқоңыр қаласындағы 6 мектеп Қазақстан қарамағына қайтарылды. Басты дақыл – күріштен мол өнім жиналды. Нәтижесінде 423 мың тонна күріш қамбаға құйылды. Облыста жетімдер үйі жойылды. «Атаме-

кен» отбасылық үлгідегі балалар ауылы ашылды. Қарт Қаратаудың етегінде тұнғыш рет Малшылар слеті қайта жаңғырды. Сондай-ақ ат спортын дамыту мақсатында озық үлгідегі қалалық ипподром ашылды.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толды. Арнайы декларация қабылданып, Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен аталған мерекеге орай Қазақстан халқы ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің «Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» атты фестивалі өтті.

Сыр елі басты мерекен қалыс қалмады. Көптеген іс-шаралар қамтылды. Тәуелсіздік құрдастарының аға буынын кездесуі, «Біз – Ұлы Даланың ұрпағымыз!» атты жастар флешмобы өтті. Қазақ күресінен халықаралық турнир, облыстық олимпиадалар, «25 игі іс» тұрмысы төмен халықты әлеуметтік қолдау бойынша акциялар өткізілді. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері, ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты шаралар ұйымдастырылды. Сыр топырағында алғаш рет осы мерекеге орай халықаралық ақындар айтысы болғанын баса айтуымыз керек. Тәуелсіздікке тарту ретінде «Тәуелсіздік» дағдылы пайдалануға берілді.

Осы жылдың наурыз айында Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтті. Бұл Қазақстан тарихындағы жетінші парламенттік сайлау еді. Р и о - д е - Ж а н е й р о қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстан қатысты. Төрт-жылдықтың басты додасында ел намысын 26 спорт түрінен 104 спортшы қорғалды. Жерлесіміз Александр Зайчиков ауыр атлетикадан қола жүлдегер атанды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы Қызылорда облысына аз табыс әкелмеді. Дикандар ел қамбасын толтырды, теңіз төсейіндегі балықшы ағасын несібесін арттырды. Өңірде мал саны өсті. Мысалы, САРАТС-1 жобасын жүзеге асыру нәтижесінде балық аулау 65 процентке көбейген. 2016 жылы облыс бойынша ауланған балық көлемі – 7883 тонна.

Сыр дикандары мұның алдындағы жылдары да рекордтық көрсеткішге қол жеткізген еді. 2016 жылы күріштің 99 гектарынан 54,9 центнер өнім алынып, 440 мың тоннаға жуық дән жиналды. Асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту, өнім сапасын арттыруға жергілікті бюджеттен 2 млрд 709 млн теңге бөлініп, 520 шаруашылық мемлекеттік қолдауға ие болды.

Дәл осы жылы Қызылорда қаласында 80 ұй құрылысы жүрді. Барлық қаржы көздерінен 543,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 16,1 процентке артық. 1864 отбасы жаңа баспаналы қоныс тойын тойлады. Осы жылы облыс орталығындағы 980 гектар алаңда «Бәйтерек» шағын ауданы құрылды.

Сол жағалауда бой көтерген жаңа қалаға апаратын үлкен көпір пайдалануға берілді. Сондай-ақ әлеуметтік нысандар толықты. Арал, Жалағаш, Сырдария, Жанакорған, Шиели аудандары мен Қызылорда қаласының елді мекендерінде 11 дәрігерлік амбулатория салына, қала орталығынан 200 төсектік облыстық балалар ауруханасы өз жұмысын бастады.

Тағы бір айтар жайт, 2016 жылдың қорытындысымен 260 ауылдың 194-і (75%) немесе облыс халқының 95 проценті ауызсумен қамтылған.

ТІЛ МЕН ҰЛТ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында Түркістан қаласында өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VI құрылтайында ҚР Мемлекеттік хатшысы Қырымбек Көшербаевтың сөйлеген сөзі



Құрметті Құрылтайға қатысушылар!

Ардақты ағайын!

Тіл мен Ұлт – егіз ұғым. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы.

Ұлы реформатор ғалымның бұл сөзі ешқашан мәнін жоғалтпайтын даналық. Ахан айтқан сөздің ақиқат екенін ЮНЕСКО-ның аясында өтетін «Халықаралық ана тілі күні» басқосуында лингвист ғалымдар да қуаттады. Ғалымдар әрбір екі апта сайын жер бетінен бір тілдің жойылатынын дәлел ретінде келтіріп отыр. Осыған қарап, әлемдегі 7 мыңға жуық тілдің ғасыр соңына қарай жартысы жоғалуға таяу деп болжам айтты.

Өрине, қазақ тіліне мұндай қауіп төніп тұрған жоқ. Бұл – анық. Алайда жаһандану дәуірінде, техника мен технология көз ілесес жылдамдықпен дамып, өзге елдің мәдениеті мен менталитетін ала келетін әлеуметтік желілер мен ақпараттар ағыны заманында қамсыз отырау болмайды. Қазақ өзінің ұлттық болмысын, тілін сақтап қалғанда ғана мемлекет болып тұра алады.

Тіл – қазақтың жаны. Дербес ұлт екендігінің белгісі. Мемлекеттілігіміздің рәмізі, елдігіміздің символы. Сондықтан Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен бүкілхалықтық референдум негізінде қабылданған Конституцияға сәйкес қазақ тіліне Мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Алайда бүгінгі қоғамда кейбір азаматтардың Конституцияның 7-бабының 1-тармағындағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деген құқықтық норма бола тұра, келесі тармақтағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөйлемді негізге алып, «бізде екі мемлекеттік тіл бар» деген жаңсақ түсінікте жүргені де байқалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұл мәселеге нүкте қойды. Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ата-Жан бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деді.

Сондай-ақ Президент қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналған кезеңі келгеніне назар аударатын, мұндай дәрежеге жету үшін үкіметтік емес ұйымдардың да беделін арттыру қажет екенін атап өтті.

Міне, бүгін біз үкіметтік емес ұйым – «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының» алқалы басқосында ұлттымыздың аса қымбат қазынасы, мемлекеттілігіміздің басты құндылығы – қазақ тілінің жай-күйі жөнінде кеңес құрып отырмыз.

Құрылтай барысында Сіздермен бірге түйткілді мәселелерді ортаға салсаңыз, талқылаймыз, ең негізгісі – Қоғамның жұмысына тын серпін беретін ұсыныстар айтып, шешімдер қабылдаймыз деп ойлаймын.

«Қазақ тілі» қоғамының қызметі мен оның алдында тұрған міндеттер туралы айтпас бұрын ана тіліміз туралы ойыммен бөліскенді жөн санаймын.

Қазақ – қашанда өзінің азаттығы үшін қалай күрессе, тілі үшін де солай күрескен халық. XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары, одан кейін Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Шота Мухомедов сияқты ағаларымыз тілімізді сақтау үшін үлкен қайраткерлік танытты. Дініміз бен тілімізге қауіп төнген шақтарда Ғабиден Мұстафин: «Біз ұлтшылдықпен күрестік, енді сендер ұлтсыздықпен күресесіңдер!» деген болатын. Заман тосқан талай сынақтан қазақтың тіл мен дәстүрі, мәдениеті жырғыласа да жоғалмай, құлдыраса да құлдыма кетпей, Тәуелсіздіктің ақ танына аман-есен жетті. Асылы, тілге ұлттымыздың, мемлекетіміздің, рухымыздың қамалынды қарауымыз керек. Ұлт пен мемлекетті сақтайтын «керектер» көп, бірақ халықтық, ұлттық келбетімізді ана тіліміз бен ұлттық мәдениетіміз сақтайды.

Ұлт тәуелсіздігінің құны мен қадірін сақтауға тұтас өмірің арнаған, азаттық күресуіңің аса ірі қайраткері Нельсон Мандела: «Егер тіл мен мәдениетің жоғалса, шекараңды аша сал. Бөрібір неңді қорғайсың? Бұл ел сенің елің емес» депті. Ащы да болса ақиқат сөз. Өзінің ұлттық келбетің, тілің, діліңен айырылған халық пен ел жұтылып, жоғалады.

Олай болса, азат ел болып, тілімізді төрге шығарып, оған Конституциялық мәртебе берілген кезде қазақ тілінің тағдырына мемлекет те, бүгінгі алқалы жинада бас қосып отырған қауым да, жалпы Қазақстанды Отаным деп санайтын барша азаматтар да жауапты. Өйткені тіл – үздіксіз дамуды, үнемі қорғауды қажет ететін өте өзек, жанды құбылыс.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақ тілін ұлттық тұқасудың негізгі ретінде бағалап: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз» дегенін жақсы білеміз. Тілдің осы біріктірушілік рөлі оның мемлекеттік мәртебесін күшейте түседі. Сондықтан саясатымыздың маңызды стратегиялық басым бағыты ретінде билік те, азаматтар да, әсіресе өздеріңіз сияқты тіл жанашырлары осыған үнемі мән бергені абзал.

Тәуелсіздік алған уақыттан бері тіл мәселесінде біртұтас іргелі іс атқарылды. 30 жыл ішінде жасалған жұмысты бір баяндамаға сыйғызуды қиын. Дегенмен біртұтас он өзгерістерді айтып өткен дұрыс



деп есептеймін.

Салыстырар болсақ, 1991-1992 жылдары балабақшаның 25 пайызы ғана қазақ тілінде еді. Қазіргі уақытта бұлдірдің 76 пайызы қазақ тіліндегі топтарда тәрбие мен білім алады. Ал мектептерде қазақ тіліндегі оқушылардың үлесі бар болғаны 33,6 пайыз болса, бұл күнде ол 65,6 пайызға жетті және бұл динамика ілгерілеу жолында. Бір кездері Алматыда бар болғаны екі-ақ қазақ мектебі, қазіргі астанада ана тілімізде білім беретін бір ғана мектеп болғанын ешкім ұмыта қоймаған шығар деп ойлаймын. Сол сияқты колледждер мен университеттердегі қазақ бөлімдерінің саны едәуір көбейіп, қазір 65,3 пайызға жетті. Яғни, білім берудің барлық салаларында қазақ тілі басымдығына ие болды.

Мемлекеттік органдар арасындағы қазақ тіліндегі құжат айналымы 2008 жылы 50 пайыз болса, қазіргі кезде қазақ тіліндегі шығыс құжаттарының үлесі шамамен 94%-ды құрайды. Өрине, құжаттарды орысша дайындап, сонына қазақша аудармасын ілестіріп жіберетін көзбояушылықтың барын да ашық айтуымыз керек. Алдағы уақытта іс қағаздарының мемлекеттік тілде дайындалуын қалағалауды күшейткен дұрыс. Бұл мәселеге қоғам да атсалысуға тиіс.

Тәуелсіздіктің тілге қатысты ең үлкен жетістігі – қоғамда тілге деген қажеттілік пен сұраныс артқаны дер едім. Қазір елімізде көпшілікке айнадық, демографиялық өсім біздің пайдамызда. Оны күні кеше өткен жалпыұлттық халық санағы дәлелдеп отыр. Алдымызда әлі де қыруар жұмыстар тұр. Ең алдымен тілге насихат қажет. Бұл істе Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері ерекше белсенділік танытуы керек. Бүгінгі Құрылтайдың маңызы – кезінде тіліміздің дамуына серпін берген қоғамның жұмысын осы бағытта жаңаша жаңғырту, жандандыру.

Біз қазақ тілінің қоғамдағы рөлі жөнінде көбірек айтамыз. Бұл дұрыс та болар. Дегенмен тілімізді жаңа заманының сұраныстарына орай жаңғырту мәселесі де алдыңғы кезекте тұруы тиіс.

Бұл орайда Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшу міндеті белгіленгені мәлім. Аталған міндетті орындау елімізде тіл реформасын жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында: «Бізге қазақ тілін реформалау қажет, егер қаласаныз, тілімізді жаңғырту керек» деген еді.

Жаңа әліпбиге көшу, тіл реформасын жүзеге асыру – еліміздің ішкі саясаты саласындағы аса маңызды тын жоба. Үкімет осы бағыттағы ұйымдастырушылық жұмысты зор жауапкершілікпен атқаруы тиіс. Басқаша айтқанда, қазақ тілі өзінің табиғи, тұрса қалыбына қайта оралуы үшін осындай реформа жасауымыз керек.

Президент мемлекеттік тілді оқып, үйренудің, қазақ тілін ғылым мен мәдениет тіліне айналдырудың аса маңызды екенін баса айтты. Бұл орайда тілді үйретуде білім саласының орны ерекше.

Бүгінгі күннің маңызды жаңалығы ретінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы бекітіліп, жүзеге асырыла бастағанын айтар едім.

Жобаны жүзеге асыру барысында, мысалы, қазақ тілі мұғалімдеріне арналған курстардың мазмұны мен жүйесі жаңаралы. Біліктілікті арттыру институты тұрақты арқылы «Қазақ тілі» пәні бойынша теориялық білімді және кәсіби дағдыны тереңдету жұмыстары жүргізіледі. Оқытылуы өзге тілдерде жүргізілетін мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» біріктірілмей, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» деп бөлініп, жеке пәндер ретінде оқытылады. Үгілігі оқу жоспарына сәйкес, бұл пәндердің оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері дайындалады. Сонымен қатар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім беру ұйымдарының кітапханалары қазақ тіліндегі әдебиеттермен толықтырылады және оларды цифрландыру жүзеге асырылады.

Саналы ұрпақ тәрбиелеуде қазақ тіліндегі көркем әдебиеттің орны ерекше. Осыны кеңінен қарастыруымыз керек. Әлем әдебиетінің қазақ тіліне аударылуы және қолжетімді болуы өте маңызды. Бұл ретте «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде әлемнің ең үздік жазу оқулығы қазақ тіліне аударылып, еліміздегі жоғары оқу орындарына таратылды.

Қазақ тілін үйретудің ортақ мемлекеттік тұжырымдамасы дайындалуда. Тұжырымдаманың мақсаты – үздіксіз білім беру моделі арқылы, мектептен бастап ересек адамдарға дейін тіл үйретудің сапасын арттыру. Бұл тұжырымдама мемлекеттік тілді заманауи талапқа лайықтап үйретудің еліміздегі алғашқы қадамы болмақ.

Ұлттық терминологияны жүйелеу, біріздендіру керек деп ойлаймын. Ол үшін ғалымдармен талқылаулар, сараптамалар жүргізіп, жазу реформасы ауқымында термин қалыптастырудың ғылыми негізді критерийлері әзірленуі тиіс. Терминологиялық сөздіктер дайындаудың мазмұны мен сапасын арттырып, қазақ тілін ғылым тіліне айналдырудың негіздері қарастырылғаны жөн.

Шетелдегі қандастарымыздың да ана тілін үйренуіне жағдай жасауға тиіспіз. Ол үшін бытыр «Абай институты» ашық білім беру порталы іске қосылып, бүгінде қазақ тілін жерлестерімізбен бірге шетелдік азаматтар да оқып, үйренуде. Осы жобаны дамыта берген дұрыс. Біз ұлттымыздың бестен бір бөлігі шетелдерде тұратынын ұмытпай, әрқашан оларға көмек беруді өзімізге парыз етіп міндет санағанымыз абзал. Шетелдегі қандастарымыздың ана тілін меңгеруі олардың атамекеніне оралуының басты факторларының бірі екенін де естен шығармайық.

Ұлттық жоба аясында 23 миллион тіл үйренушісі бар «Lingual.eo» білім беру платформасына қазақ тілін оқыту курстарын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар қазақ тілі ұлттық корпусының мәтіндік базасын құру жұмысы қолға алынып отыр. Бүгінде корпусытағы сөзқолданыс саны 14 миллионға жетсе, 2025 жылы 40 миллионға жеткізу жоспарлануда.

Біз қазақ тілінің болашағына, яғни бүгінгі балабақшадағы, мектептегі балалардың қазақ тілін меңгеруіне жағдай жасауға ерекше назар аударуымыз керек.

АҚШ, Германия, Франция, Жапония, Қытай, тағы басқа мемлекеттер анимациялық фильмдерге стратегиялық тұрғыдан мән беріп, мұны идеологиялық құрал ретінде пайдалануды үрдіске айналдырған. Мұндағы басты мақсат – ұлттық құндылықтарды балалардың санасына сіңіру. Бізде осындай жүйе қалыптаспағандықтан балаларымыздың тілі басқа тілде шыға бастады. Сондықтан Ұлттық жобалда келесек ұрпағымыз саналы әрі патриот болуы үшін қазақ тіліндегі анимациялық фильмдерін саңын арттыруға, көп қаралатын шетелдік анимациялық фильмдерге сапалы дубляж жасауға үлкен бетбұрыс жасалады.

Тіл саласында ілгерілеушіліктер болғанымен, проблемалар да бар. Мемлекеттік тілдің қолданысына байланысты даулар, түсінбеушіліктер орын алып жатқанын да көріп отырмыз. Бұлар негізінен қызмет көрсету саласына, көрнекі ақпарат, жарнамаға байланысты өрістеп жүр.

Қазақша мәтінді қате немесе тек бір тілде ғана орындастырылған көрнекі ақпарат, жарнама қоғам тарапынан үлкен сынға түсіп, мемлекеттік органдарға түсетін шағымдар көбейді.

Мәселен, тек 2019 жылдың өзінде 12 900 адам шағымданған.

Шағымдарға жүргізілген талдау барысында жарнама, көрнекі ақпарат мәтіндерінде грамматикалық, стилистикалық қателердің көп жіберілетіндігі анықталды. Осыған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламентке енгізіліп, бүгінгі күнде жоғарғы палатада қаралып жатыр.

Осы уақытта дейін қалаларымызды «Қарағанды – Қарағанды», «Шымкент –

Чимкент», «Түркістан – Түркистан» деп екі тілде қосарлай атайтынымыз жұрттың ашуын тудыратын. Енді заң қабылданған соң Қарағанды, Шымкент, Түркістан деп тек бір тілде, қазақ тілінде ғана жазылады. Басқа елді мекендердің атауына қатысты да осылай болмақ.

Сол сияқты ендігі жерде заңға енгізілетін өзгерістерге сәйкес, халықаралық автожолдардан басқа жерлердегі жол белгілері тек қазақша жазылады.

Заң мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге де біртұтас мүмкіндіктер ашады. Заң жобасында, мысалы, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мен бланкілерін, жарнаманы, баға көрсеткіштерін, басқа да көрнекі ақпаратты тек мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда ғана орыс және басқа да тілдерде жазу жөніндегі нормалар қолдау тауып отыр. Бұрын қажет болса да, болма-са да, тіптен тек қазақтар ғана тұратын ауылдардың өзінде екі тілде жазу талабы болып келгенін білесіздер. Міне, осылайша заңдарымызды жетілдіре отырып, мемлекет тілдің қажеттілігін, оны сақтау талабын азаматтардың құқықтарына нұқсан келтірмегендігін арттыруымыз керек.

Ардақты ағайын!

Сөз реті келгенде, алқалы топтың назарына біртұтас мәселеге байланысты өз ойларымызды ұсынып келеді.

Бірінші, тіл және технология. Қазақ тілін осы заманғы құрылғыларға енгізу қажет. Қазір «Тілімаш телефон» деген бар. Әлемнің сөз келген еліне барсаңыз, соның қызметін пайдалана аласыз. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін осындай мүмкіндікті пайдалану керек-ақ. Біздің еліміздің жастары IT саласына көптеп барып жатыр. Диктофондағы жазбалы мәтінге айналырды, компьютерде мәтін редакторы қызметін енгізу IT мамандарының қолынан келмей ме?

Екінші, тіл және заман келбеті. Қазақстан Жазушылар одағында 800-ден астам мүше бар екен. Міне, мың Тәуелсіздікке – 30 жыл. Қазіргі қаламгерлер неге тәуелсіздік кейіпкерлерін сомдауға жаппай атсалыспайды? Жеткен жетістіктеріміз туралы, қасымызда жүрген Тәуелсіздік туғалары туралы кесек шығармалар неге тұмай жатыр? Тәуелсіздік ұландары – қазіргі жасөспірімдерді ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған қызықты кітаптар қашан жазылады? Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бынығы Жолдауында ұлтты ұйыстыру, жұртты жұмылдыру ісінде зиялы қауымның үлесі ерекше екенін айтты. Үндеу тастады. Ақын-жазушыларымыздың еңбегі орден-медальдармен емес, жазған шығармалармен бағаланыпты қалай айтты. Мемлекет басшысының бұл бастамасына «Қазақ тілі» қоғамы да өз үлесін қосуды керек деп есептеймін.

Үшінші, тіл және термин. Бізде маған марқұм Герольд Бельгер қазіргі тілдің байлығы туралы айта келе, «бір ғана орысша «Вид» сөзінің қазақ тілінде жиырмадан астам баламасы бар екенін айтты еді. Өрине, сөздік қорымыздың байлығымен мақтанамыз. Дегенмен тілді үйренуге ыңғайлы болуы үшін осы заманға сай ұстару амалы да керек шығар. Мәселен, кеше елордала бір ғимаратқа кіргенде «Өзіңнен» деп жазыпты. «От себа» дегеннің төте аудармасы. Осыны «Кір», «Шық» немесе «Кіру», «Шығу» деген нұсқада алғуға неге болмасқа? Қазақ тілін қолданыс тілі, ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде дамытудың өзге де ұтымды тәсілдерін бірлесе іздеу қажет.

Өркеніетті елдерде қоғамдық ұйымдардың ықпалы күшті. Себебі олар жалпы халықтың көкейіндегісін, қоғамның мәселелерін жақсы біледі. Қоғамның ұйымдардың белсенділігіне біздің елімізде де үлкен мән берілген. Бірақ қазақтың тілін, дәстүрін, мәдениетін насихаттауда қоғамдық ұйымдардың белсенділігі әлі де төмен. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қазіргі жұмысы, біздің ойымызша, көптің көңілін көңілтіпейді. Оның жұмысын қайта құру үшін сын көзімен қарап, кемшіліктерімізді түзеуіміз керек.

Дәуірдің сұраныстарына орай «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы өз жұмысын жаңаша ұйымдастыруы қажет.

Кезінде бүкіл еліміздің зиялы қауымын, тіл жанашырларын, ұйыстыра білген, көп жұмыстарға мұрындық болған қоғамнан біздің күтеріміз көп еді...

Шынын айтуымыз керек, соңғы жылдарда қоғамның бастапқы қарқыны бәсеңдеп, белсенділігі төмендеді. Жарғы талаптары жайына қалды. 10 жыл бойы құрылтай өткізілмеді?! Тараптаға бөлініп, әрқайсысы өздерінше құрылтай, төралқа өткізіп, әл әрекеттері Әділет министрлігі тарапынан заңсыз деп танылып, қоғам жұмысынан береке кетті. Бір кезде «Тіл туралы» заңның дүниеге келуіне белсене атсалысқан, Тіл комитетінің ашылуына бастамашы болған қоғамның барлық дерлік салада бөлімшелері бар еді. Белсенді болатын. Солардың басым бөлігі жабылып қалды. Бар жердің өзінде аты бар, заты жоқ.

Бүгінгі Құрылтай «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жұмысына, әлеуметтік, азаматтық белсенділігіне жаңа серпін беруді керек. Келелі кеңесіміздің де негізгі мақсаты осы! Біздің ойымызша, қоғам мынадай міндеттерді жүзеге асыруы тиіс.

Біріншіден, қазақ тілінің қолданылу аясын одан әрі кеңейту және оның қоғамдағы ролін арттырудағы маңызды ролін ескере келе, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының елордаға көшірілуі және өңірлердегі филиалдарын кеңейту, материалдық базаларын нығайту, электрондық ресурстарын дамыту маңызды. Қоғамның маңызды қызметінде мемлекеттік тапсырысты ітеруге мүмкіндігі болғаны жөн. Бұл мәселеге Үкімет және жергілікті атқару органдары көмектесуі міндетті. Осы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру үшін тіл мәселелерімен ұдайы айналысатын жоғары деңгейдегі республикалық комиссия құрылғаны қажет!

Екіншіден, қоғам еліміздегі саяси партиялармен, мемлекеттік емес ұйымдармен қоян-қолтық жұмыс атқарып ықпалды ұйымға айналуы керек. Сонымен бірге, мәслихаттардың және қоғамдық кеңестердің жұмысына араласып, халық сайлаған мемлекеттік органның мүмкіндіктерін қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне бағыттағаны абзал.

Үшіншіден, Мемлекет басшысының қазақ тілін қолдау саясатын кеңінен насихаттап, латын графикасына ауысу аясында қоғамдық қолдау жұмыстарын жүргізуге тиіс.

Сонымен бірге, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы тіл тақырыбынан бөлек, ұлттық жаңғыру, рухани даму, ұлттық мүдде мен маңыз мәселелері бойынша да жұмыс жүргізуге керек.

Төртіншіден, қазақ тілінің қолданылу мәселелері қоғамда үлкен өзектілікке ие және қызу талқылануда. Өртүрлі қоғамдық ұйымдар қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, қоғамдағы ролін арттыруды белсенді талап етуде. Осы саладағы қоғамдық ұйымдар бытырғанқы, яғни олардың жүйелі әрі бірінғай ұстанымдары жоқ.

Сондықтан, аталған ұйымдарды «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төңірегінде біріктіруге қажет. Бұл өз кезегінде аталған ұйымдармен тіл саласындағы заңнама мен мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша түрлі оқыту-ұйымдастырушылық іс-шаралар өткізуге және заң аясында жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Бесіншіден, тағы да нақтылап айтарымыз, нарық заманында қоғамның қалыпты жұмыс істеуі үшін қаржыландыру мәселесі шешілгені жөн. Бұл мемлекеттік тапсырыстар және гранттар негізінде жүзеге асырылады деп ойлаймын.

Алтыншыдан, шет мемлекеттерде тұрып жатқан қандастарымыздың қазақ тілін меңгеруін қоғамдық деңгейде қолдау. Осы бағытта «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Отандастар» қорымен өзара іс-қимылын нығайтып, олардың бірлескен белсенді қызметін ұйымдастыру қажет.

Жетіншіден, біздің ойымызша, жаңа атап өткеніміз, «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бас кеңесі Нұр-Сұлтан қаласында болғаны жөн. Бұл қоғамның елдің даму тынысын сезіне отырып жұмыс істеуіне ықпал етеді. Мемлекеттік тілге қатысты биліктің де, қоғамның да мүддесі бірі!

Тәуелсіздігіміздің баяндылығы мен тұрақтылығының кепілі – қоғамдық келісім. Оны сақтау мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатымен тікелей байланысты. Ұлттық даму, экономикалық жетістіктер, мемлекеттің имиджі сияқты аса маңызды факторлардың негізінде тұрақтылық тұратынын өздеріңіз жақсы білесіздер. Тіл мәселесі де – осы қатардағы маңызды құндылық. Сол себепті мемлекет бұл бағытта радикалды емес, эволюциялық өзгерістерге айрықша мән беруге міндетті. Геосаяси жағдай бізден осыны талап етеді. Оны ескермеуге болмайды. Кезінде Олжас Сүлейменов айтқандай, «Кен даланы асқақтатып, тауларды аласартпай» әрекет еткеніміз дұрыс.

Құрметті тіл жанашырлары! Шығыс пен Батыстың өркеніеттері тоғысқан Ұлы дала төріндегі Отанымыз – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында тұрмыз. Бұл мерейтой бізге барымызды бағамдауға, болашағымызды айқындауға зор міндеттер жүктейді.

Данышпан Абайдың: «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» дегені ұлттық тұтастығымыздың ұраны десек, бірлігіміздің бәсі, берекеміздің арқауы – тіліміздің төрде болуына әрқайсымыз атсалысып, азаматтық борышымызды атқарғ



ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ҚАРА НАРЫ

Хүсейін Жүсіпұлы Әмір-Темір 1940 жылы сол кездегі Тереңөзек ауданы «Қызылту» колхозында өмірге келген.

1965 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы өнер институтын, 1972 жылы Мәскеудің А.В.Луначарский атындағы театр өнері институтының жоғарғы режиссерлар курсың бітірген.

1965-1967 жылдары С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрында актер, 1967-1990 жылдары Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театрында актер, режиссер, бас режиссер болып қызмет атқарды. 1991 жылы жаңадан ашылған Қызылорда облысының телерадио хабарларын тарату комитетінде бас режиссер болып еңбек етті. 1992 жылы Б.Римова атындағы Алматы облыстық Талдықорған драма театрының бас режиссері, 2003 жылдан бүгінге дейін Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі болып қызмет істеп келеді.

Қызылорда, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Орал театрларының сахнасында әртүрлі жанрдағы, әртүрлі стильдегі 200-ден аса спектакльді қойған режиссер. Қазақ, орыс, шетел классикасының нәрлі шығармаларын, қазіргі қазақ драматургиясының маңдайалды туындыларын әр кезде сәтті қойып, үлкен беделге ие болған суреткер.

Режиссердің еңбегі туралы кезінде «Советская культура», «Театральная жизнь» басшылардың, республикалық газет-журналдар жазды. Белгілі сыншылар — М.Каратаев, Б.Құндақбаев, Ә.Сығай, С.Қабдіева «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің беттерінде режиссерға көлемді мақала арнап, еңбегін жан-жақты бағалады.

Режиссер 2005 жылы қазақ драматургиясының классиктері Ж.Аймауытов пен Б.Майлиннің «Аласапыран» атты спектаклін қойып, Қазан қаласының 1000 жылдығына арналған фестивалға, 2012 жылы Түркиядағы Кония қаласында өткен «Мың тыныс, бір ұн» фестиваліне түрік драматургі Турғай Нарды «Төбекез» спектаклімен, 2013 жылы екінші рет Қазан қаласында өткен фестивалға қатысып қайтты. 2015 жылы Қазақстанның Ұлы-британиядағы күндері аясында Лондон халықна Д.Исабегінің «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасын ұсынып, ағылшын көрерменнің зор ықыласына ие болды. 2018 жылы Шотландияда өткен «Фриндж» халықаралық өнер фестиваліне Хүсейін Әмір-Темір сахналаган «Ақбай» спектаклімен қатысып, спектакль режиссері Шотландияның «Алтын кітабына» енгізілді.

Сонымен қатар, Қарағанды қаласында өткен Біржан сал Қожағұлдың 175 жылдығына арналған XVII республикалық театр фестиваліне С.Балғабасевтың «Өтірік айтпайтын адам» трагикомедиясымен қатысып, театр артисі А.Байдалиева «Өйел бейнесін үздік сомдағаны үшін» номинациясын марапатталды. Осы жылы театр артисі К.Әбжанова «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

2018 жылы Талдықорған қаласында елорданың 20 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 120 жылдығына арналған Қазақстан және Орталық Азия елдерінің VII Халықаралық театр фестиваліне режиссер сахналаған Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасымен қатысып, үш бірдей номинацияға көп жеткізді. Театр ұжымы «Ұлттық авторлардың үздік драмасы» номинациясымен, Жүргеновтің жесі Кара ролін сомдаған Б.Алпысбаев «Ең үздік екінші пландағы ер адам бейнесі» номинациясымен және Т.Жүргенов бейнесін үздік сомдағаны үшін С.Әбдіразақов марапатталды.

2019 жылдың тамыз айында Қызылорда облысының мәдениеті мен өнері күндері аясында Х.Әмір-Темір сахналаған Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасы Ташкент қаласында қойылды.

2021 жылы Семей қаласында өткен Қазақстанның халық артисі Ә.Әмір-Законның 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының 27-ші республикалық фестиваліне Х.Әмір-Темірдің режиссурасымен Е.Телеубайдың «Абай» трагедиясы қатысып, Абай ролін сомдаған актер Б.Темірбеков жүлделі орынмен марапатталды.

Режиссердің қойған спектакльдері сыншылар тарапынан да жылы лебіздерге ие болып, жақсы дәрежеде бағаланып келеді. Х.Әмір-Темір Сыр театрының ғана емес, жалпы қазақ өнерінің дамуына орасан зор үлес қосып келеді.

Х.Әмір-Темір «Құрмет» орденінің иегері, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» және «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағымен марапатталған.

● МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТ



САХНАҒА СӘН БЕРГЕН СЕКСЕН ЖАС

— Хүсейін аға, сіздің өмір жолыңызға көпшілік қанық. Сіз жайында талай мақала жазылды, біраз телехабар түсірілді. Бір жылдары Талдықорған театрына барып қызмет еттіңіз. 2003 жылы өз театрыңызға қайта келдіңіз. Талантты актер, кәсіби режиссер ретінде сізге қай жерде де қызмет жасау қиын соқпаса керек, дегенде туған жерге оралудың себебі бар шығар?

— Рас, қай жерде қызмет жасаған да халық өзіміздікі. Әлия екеуіміз туған жерге ара-тұра келіп, аунап-қунап сағынышымызды басып тұратынбыз.

Сол 2003 жылдың басында маған сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының басшысы Жаңыл Жонтаева телефон шалып: «Қызылордаға келіңіз, театрды қолға алыңыз, мұны облыс әкімі де қолдап отыр», — деді. «Театрды қолға алыңыз» дегенінің астарын ұқтым, ол Ж.Бағысова, Ш.Бәкірова, О.Әбдімомунов, К.Қолбаева секілді кәнігі актерлардың театралдан кетіп, олардың орнын толтыра алмай жатқан кезі еді.

— Сізге шақырып отырған басшылар қандай талап қойды, сахнаға кімдерді қостыңыз?

— Мен қайта келгенде Серік Шотыков, Алмағұл Артықбаева, Бақытбек Алпысбаев, Камилла Әбжанова секілді бес-алты белгілі сахнагер ғана қалыпты, қалғандары — колледж бітіріп қосылған жастар. Шын мәнінде театр таза кәсіби деңгейдегі актерларға зору екен.

Маған осы жылы Орал қаласында өтетін Махамбеттің 200 жылдығына арналған театрлар фестиваліне қатысып, бірінші не екінші орынды алу керек деген талап қойылды. Бұл тым жоғары талап еді, ал, ол кезде басқа облыс театрлары дайындық жүргізіп жатқан. Мен олардың қойылымдарын қайталауым келмеді. Талдықорғандық драматург Төкен Әліпбайға екі-үш аптада жаңа туынды жазып беруді өтіндім. Ол айтылған уақытта «Исатайдың барында» деп аталатын өте жақсы пьеса жазып шықты. Осы екі ортада мен театрға өз алдарына «Сыр әзілі» деп театр ашып алған Яхуда Халықұлов пен оның жанына топтасқан Серік Төлепов, Бақтияр Есенов, Залипа Төлепова секілді талантты артистерді, Күләш Жұманұратова бастаған тағы бір 4-5 талантты сахна аламы қуыршақ театрын құрып алып жүр екен,

Сексенге сергек жеткен жандарды сирек көретініміз рас. Бұл жаста өзінің бітім-болмысын сақтап, келісті келбетін бұзбай көрінудің рухани қуатпен тікелей байланысы барын біз жақсы білеміз. Облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Хүсейін Әмір-Темір — дәл осындай өлшемнің адамы.

Алдымыздағы 3-4 желтоқсан күндері мерейтойын атап өткелі отырған ағамен біз шағын сұхбат жасап едік.

оларды да шақырттым. Сөйтіп, артистер құрамы толыға түсті. Ал, келесі жылы М.Мәметова атындағы колледжден актер шеберлігі бөлімін аштық. Екі-үш жылда олар да бітіріп келіп, сахнаға серпін қосты. Қазір біздің ұжымдағы — С.Бисеналиев, Қ.Құрманбеков, А.Шегебаев, М.Сәбитова секілді төселген актерлар сол шеберлік бөлімінен келді.

— Сонымен, фестивальге қатыстыңыздар ғой.

— Бұған дейін мұндай фестивальдерге қатыса да алмаған кездер болыпты, қатысса қатырма қағазбен қайтыпты. Мәдениет басқармасы басшысының жаны күйіп жүргені де сол. Біз сол жылы «Исатайдың барында» пьесасын қойып, республикалық фестивалдың 2-орын жүлдесін алып оралдық. Осыдан кейін Н.Бекежанов театры фестиваль сайын жүздемен қайтатын алдыңғы қатарға көтерілді.

— Біз дайын қойылымға баратын көрерменбіз, ал, сол спектакльдердің қаншама еңбектен келетіні сіздерге аян.

— «Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, бір күндік спектакльдің отыз күндік дайындығы бар. Алдымен шығарманы көрініс-көрініске бөлшектеп, одан оқиғалар тізбегін құрау керек. Әрбір кейіпкердің әрекеттік жүйесін түзуге, адамдар арасындағы қарым-қатынас, қақтығыс табиғатын анықтауға, әрбір қимыл, жест, мимикаға мән беріледі.

Ойлап қараңызшы, шынайы құлу, өтірік жыламау, басқа өмірде, басқа мінездің несі болған біреудің жан-дүниесін өз болмысына салып көрсету оңай ма? Осының бәрі актердан талап етіледі. Біреуді қайталамақ түгілі, адам кейде өзіне өзі ұқсай алмай жүреді, ал, енді актердің мойнына түсетін жүктің салмағы қандай? Оның үстіне ойлап жатқаның тарихи адамдар болса, халық жүрекке жатталып қалған образдарды актердің олақ, олшы-қолын тұрқымен, сөзсіз сөзімен қабылдай ала ма? Сондықтан сахнагер әрдайым шырғытып, бірнеше өмірдің ішінде жүреді. Оның жаны да, тәні де кіршіксіз, ішкі қуаты зор болуы тиіс. Ол үшін олардың алдымен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына мән берілу керек.

— Осыған жете алмай отыр едім. Ұжым басында өздерінің әлеуметтік жағдайына әсер еткенін, көмектескенін күтеді ғой. Басшылыққа келгенде



жыл сайын жүзде алатын театр актерларына не жағдай жасай алатыңыз?

— Жағдамалы пәтер жағалап жүрген қызметкерлеріміз бар еді. Оларға біз әуелде жатақхана алып бердік. «Қайран менің өз үйім, кен сарайдай боз үйім» демекші, ол да жақсы, әйтеуір бір бөлме болса да өзі қожайын. Колледж бітіріп келген 4-5 актер болатын, соған орай айлық жалақылары да аз. Түркістан театрының бас режиссері Райымбек Сейітметов Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры еді. Сол кісімен келісе отырып, актерларымды сол жақта сырттай оқытып, оларды кәсіби актер дәрежесіне жеткіздім. Үй мәселесін қай кезде де тоқтатқан емеспіз. Қырымбек Көшербаев облыс басшысы болып тұрған кезде театрға көп көмек көрсетті.

— Сөз басында зайыбыңыз Әлия анайдың атын айттыңыз. Ол кісі көп жыл өзінің бірігіп қызмет етті ғой. Көптің сүйікті актрисасына айналған Әлия Арысбаева туралы айта кетсеңіз.

— Әлия шын мәнінде көрерменнің сүйікті актрисасына айнала білді. Өзінің сахнадағы өмірінде елуден аса ірі рольдерді сомдады. Шекспирдің «Король Лиріндегі» Корделия, Шиллердің «Махаббат пен зұлымдығындағы» Луиза, М.Өзезовтің «Еңлік-Кебегіндегі» Еңлік, «Айман-Шолпанындағы» Айман, Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-Анасындағы» Әліман секілді классикалық рольдерді Әлиядай ойнап, қайталаған ешкім жоқ. Әлияның сахнадағы шеберлігінің, кәсібилігінің негізгі сыры КСРО және Қазақстанның халық артисі Хадиса Бөкееваның алдынан дәріс алуымен байланысты десек, дәл баға берер едік.

Әлия — менің өмірдегі сырласым, сахнадағы әріптесім, балаларымның анасы. Екеуіміз қырық үш жыл бір шаңырақ астында, бір тілекпен ғұмыр кештік. Асыл жа-

рым, тамаша сахнагер, Қазақстанға еңбегі сіңген артист Әлия Арысбаева 2012 жылы өмірден өтті. Мен сексен жылдығыма байланысты театрдың тарихы мен өмірін қамтыған алты том кітап шығардым. Соның бір томының түгелге жуығы Әлияға арналды.

— Еңбегіңіздің еленіп, біраз кәсіби атақ-марапатқа ие болдыңыз. Сізді ерекше қуантқан атақ-марапатыңыз қайсы?

— Оқу орнын бітірген соң жолдамамен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театрына бардым. Бойымызда жастық жалынның алаулап тұрған кезі. Сол жерде екі жыл актер болып жұмыс істегенде көзге ерекше түссем керек, КСРО Мәдениет министрі Екатерина Фурцеваның қолы қойылған мақтау қағазымен марапатталды. Ол — келесі жылы еңбегі сіңген артист атағын аласың деген сөз. Қазір мұндай мақтау қағаздар көп, тіпті әркім өзі үйінен басып шығара беретін халге жеткесін бе, мақтаудың бағасы арзандап кетті. Мен сол кезде ерекше қуандым, болашағыма құлшындым, мамандығыма құмарлана түстім. Міне, сол кездегі мақтаудың мазмұны осындай болған.

Бірақ, мен ол жерден кетіп қалдым, әртүрлі себеппен тиісті атақты да араға отыз жыл салып барып алдым.

— Сіз бір жылдары бізбен әріптес болдыңыз, яғни, телерадио кызмет жасадыңыз?

— Иә, 1988 жылы Н.Бекежанов театрындағы бас режиссер қызметімен кеттім. Сондай бір кезең болды, қазақша айтқанда тырнақ астынан кір, тымақ астынан сыр іздеушілер табылды. Сол кезде бас қалдым, марқұм Жассылық Бекқожаев ағамыз облыстық телерадио компаниясына шақырды. «Бізге келіп бас режиссер бол, сен секілді маманды ертен басқа жақ алып кетеді ғой, өзімізге де керексің», — деді. Шынында мен екі жылдан соң Талдықорған облыстық театрына бас режиссер болып кеттім. Содан 2003 жылы бір-ақ келдім.

— Пандемияға байланысты дер кезінде аталамай қалған мерейтойыңыз аталып өткелі отыр. Өнер адамының тойы елдің тойы ғой. Той аудандарда да жалғаса құба-құп. Тойға кімдер келеді, қалай өтеді?

— Өуелгі күні, желтоқсанның 3-інде шығармашылық кеш өтеді. Ән де, би де, ойын да осында. Бұған біздің өнерпаздарымыз сақалдай сыя.

Келесі күні арнайы жиын болады. Асанәлі Әшімов, Талғат Теменов секілді белгілі тұлғалар, барлық облыстық театрлардың басшылары мен белгілі артистер келеді.

Қазірдің өзінде Жаңақорған ауданы әкімі менің мерейтойымды аудан көлемінде өткіземіз деп ұсыныс айтты. Жалпы, аудандар атап өте ме, жоқ па, оны облыс басшылары шешеді, ал, біздің ұжым барлық ауданды аралап, көңілді ойын-той жасауға дайын.

— Әңгімеңізге рахмет. Мерейтойыңыз құтты болсын. Өміріңіздің бақ-берекесі тасы берсін.

Сұхбаттасқан
Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

Жылы лебіз, шынайы баға

«...Хүсеке, сен осы театрдың қанша жылдан бері іргесін шайқалтпай, мәртебесін көтеріп, шаңырағын биіктетіп келе жатырсың. Ешкімнің көңіліне қарамайсың. Ұнамаса досыңның шығармаларын кейінге ысырасың. Өзіңнің туабыткен дипломатияң бар».

Дулат Исабеков,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

«Х.Әмір-Темір — тек сиқырлы өнері мен еңселі еңбегі арқылы жүректі жасалатын суреткер».

Әшірбек Сығай,
профессор, театр сыншысы,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

«Мен — Хүсейіннің өнерде таныған, өнерін таныған, өнеріне сүйсінген ағаларының бірімін. Бүгін мені жетелеп әкелген — сол өнердің құдіреті. Талантқа әруақытта құрмет болу керек».

Асанәлі Әшімов,
КСРО Халық артисі,
КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

«Хүсейін, артистерің де, бәрі де маған қатты ұнады.

...Риза болдым көрсеткіштеріңе, ойларыңа, терең ізденістеріңе, бәрінге риза болдым».

Хадиса Бөкеева,
КСРО халық артисі,
КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

«Хүсейін — көп ізденетін, көп оқитын режиссер. Ең бастысы ол қай актердің қай ролі ойайтынын жаңылмай табады. Актерлермен жұмыс барысында ғана емес, жәй тірлікте де жақын араласып, сырласа білетін жан».

Бақытбек Алпысбаев,
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі,
«Құрмет» орденінің иегері

ТЕАТРДЫ ТОЛҒАҒАН АЛТЫ ТОМ

Талантты режиссер, тамаша сахнагер Х.Әмір-Темірдің Қызылордадағы «Тұмар» баспасынан биыл жарық көрген 6 томдық кітабы мамандар тарапынан жоғары баға алды.

Солардың бірі, оңертану докторы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры Бақыт Нұрпейістің «Бір сахна-егіз ғұмыр», «Өнер-баян» аталатын екі кітапқа жасаған шолуын жариялап отырмыз.

Х.Әмір-Темір «Бір сахна-егіз ғұмыр» кітабына өмірлік асыл жары, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әлия Арысбайқызы мен өзінің шығармашылық өмірі туралы қалам тербеген театр сыншыларының, өнер адамдарының, мемлекет қайраткерлерінің мақалалары мен журналистерге берген сұхбаттарын топтастырған.

Кітаптың «Әлия» деп аталатын бірінші бөлімінің алғашқы беті белгілі театр сыншысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Әшірбек Сығайдың «Жүрегі ән салған Әлия» деген мақаласымен басталады. Автор осы мақаламен кітапты бастаудан көп ұтқан. Бұл мақаладан оқырмандар Әлия Арысбайқызының арман қуып, Алматыға келген сонау талапкер кезінен бастап, оқуын тәмамдап Қызылорда қаласындағы Н.Бекежанов



атындағы облыстық драма театры сахнасында көптеген кейіпкерлерді келістіре ойнағанынан хабарлар болады. Атап айтқанда: Луиза, Аттика, Анна Андреевна, Назы, Мария, Корделия сынды рольдері жарқырата сомдағаны жайлы мағлұматтар алады.

Жұбайы Х.Әмір-Темірдің Талдықорған театрына көркемдік жетекші болып баруына байланысты актриса да аталған өмірде елеулі еңбек етті. Сынышы Әлия Арысбайқызының кез келген ролыға зор дайындығымен келіп, әншілік қырымен ерекшеленетіні де нақты мысалдар арқылы жазған. Бір сөзбен айтқанда, бұл мақаладан Әлия Арысбайқызының шығармашылығына ғана емес, жеке бағында болған қиындықтармен арналасы туралы да баяндалған.

Кітаптың «Хүсейін» деп аталатын екінші бөлімі де Ә.Сығайдың «Өнерімен егіз өрілген өмір» деген шығармашылық кескіндемесінен басталған. Аталған мақалада қазақ театр режиссурасының өркендеуіне саналы ғұмырын арнаған Х.Әмір-Темірдің режиссерлік даралығы жан-жақты ашылған. Мұнда оның Қызылорда, Талдықорған театрларында жұмыс жасаған жылдары тегіс қамтылып, режиссерлік қолтаңбасы анықталған.

Х.Әмір-Темірдің «Өнер-баян» деген екінші кітабы «Жолбас», «Режиссурадағы алғашқы ізденістер», «Алматы сапары», «Жаңа белестер», «Жаңа театр сахнасында» деп аталатын бөлімдерден тұрады. Ұзақ жылдар бойы бұырқанған шығармашылық өмірінен өзінің көрген-түйгендерін қағаз бетіне еріңбей түсіріп

жүрген автордың бұл кітабы бір деммен оқылады. Ол өнер әлеміне құлаш ұрған сонау жастық шағынан бастап, театр сахнасында өзі қойған пьесалардың көркемдік ерекшеліктерін, актерлармен жүргізген репетицияларын, суретшімен, композитормен, хореографпен бірлесіп жасаған жұмыстарын қызғылықты баяндаған.

Режиссер пьеса тандап алғаннан кейін актерлермен жұмыс жасаудың қаншалықты қиынға соғатынын нақты мысалдар арқылы өрбіткен. Оның драматургия туралы айтқан ойларынан әлем театрының тарихы мен драматургиясын жетік білетіндігі бірден аңғарылады. Өзі сахнаға шығарған пьесалар туралы сөз қозғаған кезде драма теориясын жетік білетіндігі де байқалады. Ол пьесадан сахналық туынды жасаудың мекхатын тарапты жазған. Режиссердің басты міндеті актер сезімін оятып, шығарманың оқиға желісін енгізудің оңай еместігін бірнеше спектакльдер мысалында көрсеткен. Ақ өлеңмен жазылған пьеса мәтінін игеру актерлерге үлкен қиындық тудыратынын да жасырмаған. Өлеңдетіп оқыған кезде жалаң пафосқа кетудің жолдарын да айтып өтеді, яғни, ақ өлеңтің айту мәнерін тауып, сөзбен әрекет етудің техникасын меңгерген актер ғана шығарманың поэтикалық үнін сақтап қалатынын ескертеді.

Репетиция кезінде актерлердің рольмен жұмыс жасау үрдісін де автор қызғылықты бейнелеген. Ол суреткерге

тән сезімталдықпен актер табиғатының көпшілік байқай бермейтін нәзік қырлары туралы көре білген.

Қандай театр болмасын, оның шығармашылық келбетін анықтайтын көркемдік шарттарының бірі репертуар болғандықтан, оған аса жауапкершіліктен қарау үлкен таламды керек ететіні әлімасқан аян.

Автор бұл кітабында жекелеген драматургтердің шығармашылығы туралы да кенінен әңгімелеген. Ол драматургтердің пьеса жазу стильдері мен сан қилы бейнелер жасаудағы өзіндік ерекшеліктеріне режиссерлік тұрғыда баға берген. Тәжірибелі режиссердің театр фестивалдері мен гастрольдік спектакльдерге қатысты айтқан пайымдаулары да қызғылықты. Оның пікірінше фестиваль режиссерлік және актерлік шығармашылықтың көрініс қыздыратын өнер сапсының биік мәресі болғандықтан халықаралық және республикалық театр фестивалдеріне қатысып, долаға түсу кез келген ұжымды қанаттандыратынын әсерлі жазған.

Қорыта айтқанда, оқырман қауым автор қаламының жүйріктігіне, терең зерделесіне, ой-пайымының кеңдігіне тәнті болады. Бұл қос кітап Х.Әмір-Темірдің шығармашылық және адами болмысын әр қырынан ашып, театр әлемінің құпия сырларынан жан-жақты мәліметтер беруімен құнды демекпіз.

«СБ» ақпарат



Мерейі үстем Малика

Қостанай облысы, Тобыл қаласында «Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен» атты II республикалық жыр-терме, дәстүрлі ән орындаушылар байқауында жерлесіміз Малика Алдамжарова бас жүлдені қанжығасына байлап, Сыр өңірінің мерейін үстем етті. Жас термеші Қорқыт ата атындағы университеттің «Дәстүрлі музыка» факультетінің IV курсында жыршы мамандығын игеруде.

Байқауға еліміздің әр өңірінен 18 өнерпаз қатысқан. Кілең күміс көмей әншілер бас қосқан дәстүрлі

ән мерекесінде Нұржанның бұрын көп айтылмай келген «Көкен-ай», «Бәтимаға», «Ара-ай», «Асыл-

ай», «Жан сәулем», «Назым» атты шығармалары шырылды.

Сайыс екі кезеңнен тұрды. Алдымен қатысушылар Нұржанның әндерін орындаса, екінші бөлімде өздерінің ән қоржынында бұрыннан жүрген музыкалық шығармаларын айтты. Мен Нұржан Наушабайдың «Тақпақ» атты шығармасын, еркін тақырыпта Базар жыраудың



НАЗАРБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ

ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2019 жылғы 20 наурыздағы қорытындысына сәйкес, облыс әкімдігі және облыстық мәслихат шешімімен Қызылорда қаласындағы бұрынғы Жібек жолы көшесіне Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы деп қайта атау берілді.

Бұл – Сыр елінің Елбасыға деген шексіз құрметі. Тәуелсіздігіміздің тұғырын қалап, нықтап, ядролық қарудан бас тарту арқылы елімізді әлемге үлгі еткен тұлғаның атын, еңбегін ұрпақ жадында қалдырудың бір жолы оның атын ұлықтау болып табылады.

Н.Назарбаев – даңғылы облыс орталығындағы ең ұзын көше. Оның бойында «Сыр сұлейі» аллеясы, облыстық медициналық орталық, «Арай» сауықтыру кешені, «Атау city mall» сауда орталығы, мейрамханалар, көлік сату орталықтары,

орталық мешіт секілді келісті, көркем нысандар орналасқан.

Көше жиектері көгалдандырылып, аймағымыздың мақтаныштары бейнеленген көрнекілік құралдары ілінген. Қазақтың тұрмысын, салтын бейнелейтін мүсіндер қойылған.

Күн сайын көріктеніп келе жатқан Қызылорданың қасиетін жара өтетін даңғылдың бойымен жүрген қонақтар тәуелсіздік жылдарындағы Сыр елінің жетістіктеріне куә болады.



Суретті түсірген Нұрболан Нұржанов

Қаламгерлер аллеясы ашылды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен Тұңғыш Президент күні қарсаңында Қызылорда қаласында «Қаламгерлер аллеясы» ашылды. Бұл – қазақтың атақты қаламгерлері Қалтай Мұхамеджанов, Әбілда Тәжібаев, Зейнолла Шүкіровтің келісті ескерткіші орналасқан орын. Шараға қаламгерлер мен мәслихат депутаттары қатысты.



Қаламгерлер аллеясы ашылу рәсімі

Аллеяның ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Бектас Жүридинов сөз сөйлеп, жиналған қауымды мерекелік құттықтады. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қызылорда қоғамдық телеарнасының құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Шәкізат Әбдікерімов жылы лебіз білдірсе, ардагер журналистер Жолдасбек Ақсақалов пен Игорь Титенков көгілдір лента кию рәсімін жасады. Салтанатты шара өнерпаздар әзірлеген театрландырылған қойылыммен аяқталды.

Одан соң «Студенттер сарайында» Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаевпен кездесу өтті. Токсан сайын журналистермен жүздесуді дәстүрге айналдырған қала басшысы бұған дейінгі басқосуға көтерілген мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Өздеріңізбен біршама уақыт бұрын дәл осы дөңгелек үстел басында кездескен едік. Сонда айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, арнайы іс-шаралар жоспары бекітілген болатын. Біз ұсыныстарды жан-жақты сараптап, тиісті жұмыстарды жасадық, – деді қала әкімі.

Бұған дейінгі басқосуда көпқабатты үйлердің жоғары қабаттарына ауызсудың көтерілмейтіні, «Белкөлдегі» ескі қойыс полигоны, балаларға арналған ойын алаңдарын салу сынды мәселелер айтылған болатын.

Бүгінде ауызсудың тиісті деңгейде көтерілуі үшін ұнғымалар саны 58-ден 74-ке жеткізілген.

Ескі қойыс полигоны аумағына қатысты да тиісті шаралар атқарылуда.

– Осы нысан басына Сенат депутаттарын да ертіп апардым, тиісті министрлік жанындағы комитетке

де бардым. Жоба құнының қымбаттығына қарамастан олар бізді қолдайтынын айтты. Қазір жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде, – деді қала басшысы.

Ғ.Қазантаев тарихи ғимараттардың жанына құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне тыйым салу мәселесі бойынша тиісті сала басшыларына тапсырма берілгенін, жыл соңына дейін апаттық деп танылған үй тұрғындарына 50 пәтер, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға арналған 200 және көпбалалы отбасыларға 430 пәтер беру жоспарда екенін айтты. Сондай-ақ, қала көлемінде 25 ойын және спорт алаңы салынып, қоғамдық көлік, су жүйесі, қала тазалығы секілді салалардың жұмысы жандандырылады.

Басқосуда қаламгерлер арнайы ашылған аллея үшін алғыс айтып, ұсыныстарын ортаға салды.

БАҚ өкілдері шет аймақтардағы жол, қоғамдық көлік, қысқа дайындық, қала тазалығы сынды мәселелерді көтерді.

Жиында «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, облыстық мәслихат депутаты Аманжол Оңғарбаев жакын арада Сыр журналистикасының тарихына арналған 5 томдық еңбектің тұсауы кесілетінін айтып, журналистерді айтулы шараға қатысуға шақырды.

Ал Шәкізат Әбдікерімов жана аллеяны қаламгерлердің бас қосатын орталығына айналдыру үшін арнайы шаралар өткізіп тұруды ұсынды. Сондай-ақ «Qazaqstan» Ұлттық арнасының облыстағы меншікті тілшісі Әділбек Жақанов шағын футболдан қаламгерлер арасында өткізілетін турнирді БАҚ өкілдері арасында өтетін республикалық жарысқа айналдыру жөнінде ұсыныс білдірді.

Қала әкімі бұл ұсыныстарды қолдады.

– Ойбу, мына дауылдың құтыруын, – деп сөйлей кірді ішке Сәнім. Ауызғы бөлменің есігі қалай ашылды, үй ішіне суық жел лап ете қалды. Есік аузындағы леген даңғыр-дұңғыр етіп, жел екпінімен Сәнімнің аяғына оратылды.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

БІР ШЕЛЕК ШЕГЕ

– Қараң қалғырдың затын мында қойған қайсысы? Күйіп-піскен әйелдің ашуын кімнен алары белгісіз.

Осылай абыржып тұрғанда көзі терезеге түсіп кетті. Қалшиған күйі қалған. Жо! Тұтасымен.

– Ойбай, Мәлік, анаң қара? Ескі машинасының әлдебір бөлшегін қайдан табарын білмей отырған Мәлік әйелінің дауысынан селк етті.

– Ой не, не болып қалды жылан көргендей бажылдап?

– Мында келші, тез келші. Кеше аман еді ғой.

– Нені айтасың? – Ой, қарасаншы терезеге. Қасына келген Мәлікке Сәнім терезені нұсқаған. Күйеуі әзір ештеңені байқар емес.

– Көрмес – түйені де көрмес. Ашулана сөйлеген Сәнім Мәлікті жетелей терезенің нақ алдына әкелді. Сөйтті-дағы да ар жағындағы мектепті көрсетті.

– Кеше ғана бар еді. Мына жел оны да қоймапты. Шатырын аударып әкеткенін көрмеймісін? – Апыр-ау, бұл өзі биыл салынған мектеп емес пе еді?! Мәлік аң-таң.

– Жеген да өкіртіп жоғарыдағылар...

«Жеген да дейді, әә» Мәлік мыр етті. «Кім жемей жатыр, жей берсін»...

Түскі шайдан кейін Мәліктің ойынан мектеп шатыры кетпей қойды. Расымен ол мектептің біткеніне жыл толмаған. Әдепкіде үш қабатты болады деген ғимараттың бір қабаты аяқастынан қысқарды. Біреуінің қайда кеткені белгісіз, оны бұл ауылдың адамдары да ізне түсіп, індетпепті. Ауылға жана мектеп керек деп арызданған бір кездегі пысықайлар «бюджет ақшасы жетпей қалып, үнемдеу мақсатында екі қабатты мектеп түсетін болды» деп бал ашты. Оның паркіна Мәлік секілділер бара қоймаған.

Құрылыс басталған көктемде арғы үйде тұратын көршісі мұның арбасын сұрай келген. Есік алдындағы аз жерді кеткендеп жатқан Мәліктің тү сыртынан біреу «ассо-лауын» ұзағырақ созған күйі сәлем берді. Жомарт екен.

– Уағалейкумассалам!

– Оу, Мәке, дикан болып кеткен-бісін?

– Жоға, бос жатқан жер болған соң жуа мен сәбіз сеуіп тастайын дегенмін. Өзің? Жайша жүрмісін?

– Арбаңды сұрай келгенмін. Бір шаруалар шығып қалып...

– Е-е, аманшылық па? Анау күмілжіңкіреп қалды.

– Мәке, айтсам ба, айтпасам ба? Жомарт ыржия береді.



– Ой, мынау маған құда түскелі келген адам құсап сызылғаны несі? Саған бере қоятындай бойжеткен қыз жоқ бұл үйде.

– Енді Мәке?

– Не Мәке?

Жомарт жақындай түсіп, Мәлікке ақырын сөйлей бастады.

– Мәке, мына мектеп салынып жатыр ғой. Кеше соның «ыстар-шыйына» жолығып едім. 10-15 қаптай цемент алатын болдым. Ақсызын берсең анауың аянатын емес, Мәке. Ол-нұл керек болса, маған айтсаң болды. Чики-чики, – деп Жомарт көзін қысып қойды. – Айтпақшы, Мәке, арба қайда тұр?

– Анау қора ішінде. Әй, шынымен алып тұрмысың келісіп.

Енді Мәлік ығылана бастады.

– Имандай шыным, Мәке. Жомарт арбаны сүйреткен күйі аула есігінен шыға берген...

Мәлік шалқасынан жатқан күйі әлі ойлануда. Шынымен де сол мектеп салынған жыл бөріне берекелі болғандай. Біраз алам қарық болыпты-ау. Анау Сапарбай да кейін арбасын алған. Ол да цемент алыпты. Қаладан 1500 теңгеге артып жүрді мұндағылар. Ал «ауаумен» келіссен әр қабын 1000 теңгеден тышқаншылап үйіне таси бер. «Анауы» – ақ қасқасы басынан

түспейтін семіз қара. Ақша көрсе көзі мысықтың көзіндей мәліе қалатын оны бір-екі ғана көргені бар Мәліктің. Ал былай жұзтаныс емес еді.

Сол кезде бұл ауыл мектеп салуға келген бригаданың жүк көліктеріне де жырғап қалып еді-ау. Жырғағанда қандай, дүңкіген көп КАМАЗ-дың шоферлеріне арағын берсең шарбағының ішіне құм мен сазды сол сәтте алдырып кетіп жүрді. Әрине, бірақ алдымен анау семіз қараға бірдене ұстатасын.

Қызықтың көкесі мектепке кіріп қаланғанда болған. Әдемі күйдірілген кіріпшіт пысықтар пайдалана біліпті. Көрші Құдаштың үйіндегі ошақтың сыртына дейін мектепке келген қызыл кіріпшіні қаптап емес пе?! Семіз қара шынымен бір мектептің үстінен қанша пайда көрді екен, әә? Цемент, кіріпші, солярка, шеге. Айтпақшы, өзі де Жомарт арқылы бір шелек жүздік шеге алғаны бар.

Осындай оймен алысып жатып көзі ілініп кетіпті. Түс көрген. Шелек толы шеге мектепке қарай қашып барарды. Бұл қуып әлек. Ұстатар емес. Мәлік шошып оянып. Сыртқы есік ашылғаны. Сәнім екен. Ауылдас әрі ағайынның шілдеханасынан келген бети.

– Айттым ғой, «жеген» деп, – деп сөйлей кірді. – Жаңа шілдеханада ауылдың қатындарынан естігенім ғой, шалым. Мектеп дұрыс салынбаған екен. Шатыры ұшқан ештеңе емес, қабырғасы жыл бойы жарылуға қарапты...

Мәлік теріс аунап жатты. Тыңдауға құлқы жоқ. Түсіндегі қашқан шегелер аз алдына қайта көлденеу.

– Ай, ит тірлік-ай! Ай, өзімізді! Мәліктің іш аши осылай күбірлейді. Қос құлағын сөйлеп жүрген әйелінің даусымен шегелердің шықыры басып кеткендей.

ДӘРІБАЕВ АМАНКЕЛДІ КӨШЕРБАЙҰЛЫ



Елге ардақты тұлға, энергетика саласының ардагері Дәрібаев Аманкелді Көшербайұлы дүниеден озды.

Аманкелді Көшербайұлы 1942 жылдың 9 мамырында Қызылорда облысы Арал ауданы,

Жақсықылыш кентінде дүниеге келген. 1965 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтын «инженер» мамандығы бойынша тәмамдап, еңбек жолын Қызылорда қаласындағы ПМК «Қазстройэлектромонтаж» мекемесінде шебер қызметінен бастаған.

Мекемеде прораб және аға прораб, Қызылорда электр желісі мекемесінде аға шебер, «Қызылордаводострой» мекемесінде бас энергетик, «Казспецмонтаж» мекемесінде бас технолог, Қызылорда электр желісі қалалық электр торабының бастығы

қызметтерін атқарса, Тәуелсіздік жылдарында метрология зертханасының бастығы, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы өндірістік-техникалық қызметінің перспективалық дамыту инженері ретінде еңбек еткен.

Сыр өңірінің энергетика саласына сіңірген еңбегі үшін 2016 жылы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы 50 жылдық мерейтойы төсбелгісімен марапатталған.

Ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп, орта-

сына, қоғамға құрметті де сыйлы болды. Еліне адал қызмет еткен Аманкелді Көшербайұлы жайдары мінезді, дархан пейілді бейнесімен үзегілерінің жүзегінде мәңгі сақталды.

Ардақты ағамыздың

жатқан жері жайлы,

топырағы торқа, жаны

жәннатта болсын.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес, облыстық Ардагерлер кеңесі

Жарамсыз деп есептелсін

Боранкулов Мухтар Бауыржановичтің атына ҚР ІІМ Қызылорда облысының полиция департаментінен берілген КЗ №16157 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін

«Қызылорда облысының велоспорт федерациясы» қоғамдық бірлестігі (БСН 161 240 026 728) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Газетіміздің келесі саны 4 желтоқсан, сенбі күні шығады.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес

KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифици-
катталған. Авторларға қаламақы тапсырыс

бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және

қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.